АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 13 (498)
30 наурыз, 2023 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

«БИЛІККЕ ОЙЫ ОЗЫҚ, БІЛІМДІ ЖАСТАР КЕЛУ КЕРЕК»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысты. Ел Президенті онда көптеген мәселелерге тоқталды. Ел экономикасын арттыру, ауылды дамыту бағытындағы түрлі бағдарламалардың қолға алынып, жаңа Қазақстанның даму жолындағы айқын қадамдарын жеткізді.

– Ел жастары әрдайым менің айрықша назарымда екені баршаға мәлім. Мен билікке ойы озық, білімді жастар келуі керек деп үнемі айтамын. Өскелең ұрпақты ел ісіне баулу – өте маңызды мәселе. Олар қоғамға жаңа құндылықтар әкелуге тиіс. Сайлау кезінде жас кандидаттар бірігіп, өз тобын құрғаны белгілі. Осы одақтың белсенді мүшелері Парламентке және мәслихаттарға өтті. Осылайша, өкілді билік тармағына саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Жастар мұны елімізді дамытуға берілген бірегей мүмкіндік деп бағалауы қажет, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сонымен қатар ел Президенті сайлау алдында ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту қажеттігі туралы айтқанын еске салды. Ел дамуы жолындағы ең басты бағыттардың бірі ретінде бұл салаға баса назар аударылған. «Оны ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы жүзеге асыру керек. Сол үшін «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынады. Ауыл тұрғындарына 5-7 жылға жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Ауыл шаруашылығы кооперативтері халыққа қызмет көрсету және өнім өткізу үшін құрылады. Оларға құрал-жабдық және техника сатып алу үшін субсидия беріледі. Осы мақсатқа 1 триллионға жуық теңге бөлінеді» деп тоқталып өтті.

Әлбетте, қоғамның қай саласында болса да жастардың үлес салмағы басым. Қоғамның қозғаушы күші деген атқа ие болған қатардың әсіресе, білім, медицина салаларында ерекше орны бар. Бұл ретте Қасым-Жомарт Кемелұлы аталған салалардың маңызын арттыруда Президенттік жастар кадрлық резервін үлгі ету керегін айтты.

– Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек. Алайда мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлектерінің көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмады. Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс. Мұғалім тапшылығын желеу етіп, мектепке кез-келген адамды жұмысқа ала беруге болмайды. Мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендетеді. Білім беру жүйесіндегі менеджментті жақсартуға баса мән берілуге тиіс. Осы салаға нағыз кәсіби мамандарды тарту қажет. Бізде Президенттік жастар кадр резерві бар. Дәл сол сияқты білім саласына өзгеріс әкелетін мың маман арнайы дайындықтан өтетін болады. Осыған орай тиісті бағдарлама қабылданады. Кадр мәселесі жоғары білім беру жүйесі үшін де өте өзекті, – деді Президент.

«АЖ» ақпарат

БЕЙБАРЫСТЫҢ БОЙЫНДА: КӨШЕ КӨРКІ - ҚАЛА АЖАРЫ

Айбынды Ақмешіт жаңа күйге бөленуде. Күн санап көркейіп, жыл санап жаңарған Қызылорданың кіреберіс бөліктері адам танымастай өзгермек. Бүгінде Бейбарыс сұлтан көшесін кеңейту жұмыстары қарқын алған. Қала орталығындағы бұл көшенің жалпы ұзындығы – 4,2 шақырым. Ақпан айында басталған жолдың құрылысы он екі айда аяқталады деп жоспарлануда.

Бүгінде қала халқының назарын аударған құрылыс қарқынды. «Халыққа жақын әрі арада кедергі болмауы керек» деген аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен облыс әкімдігінің сыртқы қоршауы да алына бастады. Айта кетейік, бұл бастаманы еліміз бойынша Сыр өңірі алғаш бастап отыр. Ал жолға келсек, қазіргі таңда Назарбаев даңғылынан бастап Құмкөл трассасына дейін жол жабылып, жөндеу жұмыстары қарқын алған. Жобаның құны – 2 млрд 349 млн теңге. Мердігер мекеме – «УАД» ЖШС болса, техникалық қадағалаушы – «Алатау сапа құрылыс» ЖШС, авторлық қадағалаушы – КБ «МұнайГаз Инжиниринг» ЖШС.

Сұлтан Бейбарыс көшесінде реконструкциялау жұмыстары жүріп жатыр. Жалпы осы жолды кеңейту мақсатында жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, республикалық бюджетке ұсынылған болатын. Осының нәтижесінде бюджеттен тиісті қаражаттар бөлінуде. Мердігер – «УАД» ЖШС мекемесі. Бейбарыс сұлтан көшесінің құрылысы 12 ай деп белгіленген болатын. Дегенмен, мердігер мекемелермен бірлесіп, осы жылдың қыркүйек айына дейін заманауи жолды ел игілігіне табыстаймыз деп жоспарлап отырмыз, – дейді жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Пақуатдин Шамұратов.

Бұл көшенің бойында заманауи жарық шамдар мен аялдамалар және жаяу жүргінші жолдары салынып, 4 жолақты болып кеңейтіледі. Осының нәтижесінде қала орталығында кептіліс азайып, жол кеңеймек.

– Сапалы болу үшін тиісті мекемелермен күнделікті қадағалау жүргізілуде. Күз мезгіліне дейін халық игілігіне табысталатын болады, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімі басшысының орынбасары Дархан Бақтияров.

Қала аумағындағы көлік қозғалысы толастамайтын маңызды көшелердің бірі болғандықтан, көпшілік көз алмай, тамашалап отыр. Облыс орталығындағы күретамыр деп те атауға болады. Ал оның төрт жолақты болып, кеңейтілуі – жол қозғалысын ұйымдастырудағы тиімді тетік екені даусыз.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Интернет алаяқтықтың құрбаны көп

Ақпарат – жаңа дәуірдің жойылмайтын басты қаруы. Бір ғана жалған ақпарат миллиондаған адамның өміріне қауіп төндіруге қауқарлы.



Технология дамып, көп нәрсеге қолжетімділік артқан сайын интернет алаяқтарының құрығы ұзаруда. Аталған мәселе тек Қазақстанның емес, әлемнің назарын аударатындай өзекті.

Осыған орай облыс көлемінде интернет алаяқтыққа қарсы іске асырылып жатқан іс-шаралар мен алдын алу туралы ОПД Криминалды полиция басқармасы бастығының орынбасары Рустам Сайділдиновпен сұқбаттасқан едік.

– Рустам, интернет алаяқтықтың жиі кездесетін түрлеріне тоқталсаңыз...

– Мойындау керек, интернет пен цифрлы технологиялардың кеңінен таралуы жаһандану құрылымын ғана емес, қылмыс әлемінің сипатын, соның ішінде қылмыс түрін түбегейлі өзгертті. Әлеуметтік желілер мен түрлі интернет платформалар тек ақпарат алмасу тетігі болып қоймай, сауда-саттықтың басты алаңына айналды.

Осы ретте ақпараттық технологиялар мен интернеттің мүмкіндіктерін мықты меңгерген алаяқтардың құрығы ұзарып, күн сайын мың құбылған алдап-арбау тәсілдеріне тыйым болмауда. Интернет-алаяқтардың басқалардан басты айырмашылығы – оларды анықтап, жауапкершілікке тартудың күрделігінде. Себебі қылмыс толығымен интернет арқылы жүзеге асатындықтан алаяқтың кім екені, қайда екені белгісіз. Шетелде жұмыс істейтін қылмыскерлерді табу тіптен қиын.

Әдетте алаяқтар жәбірленушілерді сауда-саттықтағы жалған жеңілдіктермен, қаржыны өте аз пайызбен еселеп берумен, тауарын тиімді шарт-тармен сатып алумен қызықтырады, сондай-ақ полиция қызметкерлерінің атын жамылып, жақын туысының есірткі затымен ұсталып тұрғанын айтып, қаржы бопсалайтындар да бар. Интернет алаяқтық онлайн несие рәсімдеу сайттары, «OIX», «Binance» криптобиржа алаңдары, «Колесо.кз», «Крыша.кз» сайттары, whatsapp, instagram әлеуметтік желілерінде жиі кездеседі.

– Өңірдегі ахуалы қандай?

– Жыл басынан бері облыста алаяқтық қылмысы бойынша 29 дерек тіркеліп, көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 64 процентке төмендеді. Облыс тұрғындарына алаяқтардың арбауына түспеу, күнделікті интернет-алаяқтық қылмыстарын болдырмау мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, арнайы бейнероликтер әлеуметтік желілерге тұрақты түрде жарияланады. Сонымен қатар ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ІІМ-нің өңірлік департаменттерімен бірлесіп, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында «fingramota.kz» ресми сайты әзірленіп, жұртшылық назарына ұсынылды.

– Интернет-алаяқтықтың негізгі құрбандары кімдер?

– Қазір еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін ұялы телефонға байлаулы. Сондықтан интернет-алаяқтықтың құрбанын нақты жасқа бөлудің керегі жоқ. Жасөспірім оқушылардан бастап зейнеткер қарияларға дейін алданып жатады. Әсіресе, жасөспірімдерге қоңырау шалып, ата-анасының немесе өзінің жеке дерегін сұрасаңыз, ЖСН-номерін айтып береді.

Жақын туысыңыз, балаңыздың полицияға ұсталып қалғанын айтып, ақша сұрап хабарласса, алдымен сабыр сақтап, кезекші полицейден анық-қанығын біліп алған жөн. Қауіпсіздік қызметкерлерінің атын жамылып, ақша жымқырушылар көп. Телефон арқылы дұрыс ақпарат алмасаңыз, департаментке келіп, анықтауға болады. Бірден білмей жатып ақша аударманыз. Ешкімнің олай ақша сұрауға құқығы жоқ. Осы жағынан алдымен ересектер өз құқығын білсе, жасөспірімдерге, балаларына қаржылық сауаттылықты, құқығын үйретер еді...

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұқбаттасқан
Дина БӨКЕБАЙ

Қайырбек ОТЫЗБАЕВ, облыстық «Ақмешіт Сырдария» мешітінің наиб имамы:

«ДӘСТҮР - ДІНМЕН ҰШТАСҚАН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ»

Жүректерді иман нұрына шомылдырып, кеуде сарайыңды ғибратқа толтырар айлардың сұлтаны – Рамазан айы төрімізге енді. Діни бағыттағы көкейкесті сауал мен ойландырған мәселелер тек осы күні ғана емес, қай уақытта болса да, мінберге шығады. Десек те, бүгінгі сұқбат тұғырына «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің наиб-имамы Қайырбек Отызбаев мырзаны шығарып, қасиетті айда білуге керекті нәрселеріміз бен жалпы діни ахуал барысындағы сауалдарымызды жолдадық.

– Қайырбек аға, ең алдымен мұсылман жамағатының қасиетті мерекесі – Ораза айы құтты болсын! Өзіңізбен айлардың сұлтаны Рамазан, күндердің сұлтаны жұмада тілдесіп отыр екенбіз. Осы қасиетті ай Рамазан айының қадір-қасиеті туралы айтып өтсеңіз...

– Иә айлардың сұлтаны атанған рамазанның күллі мұсылман қауымы үшін орны ерекше. Өйткені бұл айдағы ұстайтын оразамыз адам баласының тәнін, жан-дүниесін тәрбиелейді. Ізгі амалдар, сауапты істер артатын берекелі ай. Қасиетті рамазан айында жасалған әрбір жақсы амалдар елеусіз қалмай, сауабы еселеніп жазылады. Ол үшін ең алдымен ниетіміз түзу болу керек. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім Рамазан айында шынайы сеніммен, сауапты бір Алладан ғана күтіп, ораза ұстаса, бұрын-соңды жасаған күнәлары түгелдей кешіріледі», – деп айтқан.

Рамазан – тура жолға үндейтін Құран түскен құтты ай. Сол қасиетті Құранда иман келтірген құлдарына ораза ұстауды Алла Тағала былайша бұйырады: «Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды... Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза ұстасын...» («Бақара» сүресі, 183,185-аяттар). Демек, Рамазан айы келгенде ораза ұстау бес парыздың бірі болып табылады.

Рамазан айы кезінде адамның мейірімі артып, бауырларына, ағайынға, жоқ-жітіктерге жанашырлығы артады. Қолындағысын бөлісіп, қайырымдылық жасайды. Сондықтан рамазан – қайырымды жандар үшін нағыз мүмкіндіктер маусымы. Оразада жасалған әрбір қайырлы іс – үлкен сауапқа айналады. Бірде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздан бір кісі: «Уа, Алланың Елшісі, ең жақсы адам кім?» – деп сұрағанда, ол кісі: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген жан», – деп жауап берген екен.

Рамазан барлық жақсы істердің бастауы. Рамазан айында ғана сауап іс жасау керек деген тар ұғымнан абай болу керек. Ислам ғұламалары: «Рамазан әрбір мұсылманның бір айлық тәрбие мектебі» деп баға берген. Қасиетті Рамазан айын тәрбие айы деуіміз де бекер емес. Ұстап жатқан оразамыз, ниетіміз қабыл болсын!

– Сәресінің жеті берекесі бар деп жатады. Қазақ өзі жеті санын ерекшелеген ел. Осы жеті берекеге тоқталып өтсеңіз...

– Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сәресін ішіңдер! Расында сәресінде береке бар»,– деп айтқан. Қасиетті Рамазан айының берекеті де, сауабы да осы сәресі асын ішуден басталады. Сәресінің уағы дұғаның нағыз қабыл болар берекелі кезі. Қазақ жеті санын ерекшелеген ел деп жатсыз, десе де сәресінің берекесіне тоқталып өтейін. Біріншіден, сәресіге уақыт бөліп, ниеттеніп тұру – сүннет амал. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жасаған жақсы амалын жалғастырып, іске асырған болып табыламыз. Екіншіден, сәресіге тұру дініміздің көрінісі. Өйткені ораза кезінде сәресі асын ішу иісі мұсылманға нәсіп етілген нығмет. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Біздің ораза мен кітап иелерінің оразасының айырмашылығы сәресі ішуде»,– деп айтқан. Сол үшін сәресіге тұру берекет. Үшіншіден, сәресі асында құт болады. Біз Алладан асқа адалдық, басқа амандық, үй-ішіге құт-береке тілеген елміз. Ертедегі ата-әжелеріміз немере-шөберелерін ұйқысынан оятып, сәресі асынан дәм татқызған. Ұрпағымнан құт-береке кетпесін деген ниеті. Төртіншісіне келсек, мұсылман сәресі асынан кейін дұға-тілегін жасап, ниеттеніп ауыз бекітеді. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Сәресі уақытында Алла Тағала: «Сұраушы бар ма, беріледі. Дұға етуші бар ма, қабыл болады. Истиғфар етуші бар ма, күнәсі кешіріледі», – деп айтады» дегенді жеткізген. Сол үшін мұсылман оразасының қабыл болуын, дүние және ақырет жақсылығына қол жеткізуін таң сәріден тілейді. Бесіншісі, сәресіге тұра білген адам Алланың рахым-мейіріміне бөленеді, ризық-несібесі артады. Мұсылман Рамазан айының әр күнін қадір біліп, сәресінің берекесінен құр қалмайды. Алтыншысына келсек, ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтады: «Расында Алла Тағала және Оның періштелері сәресі ішушілерге рақым етіп, дұға етеді». Періштелердің сіздің дұғаңызға қосылып, «әмин» деуі де береке. Жетіншісі, сәресі ішіп жүрген адамның тәні қуатты болады. Ал сәресі ішкен адам ауызашар уақытқа дейін әлсіздікті сезінбейді. Алла оған күш-қуат беріп қояды. Сәресі жайында айта түссек, әрине оның біз біле бермейтін берекесі көп қой.

– Пітір-садақа қалай пайда болған, кімдерге беру керек, биылғы көлем қандай?

– Пітір-садақа – оразаның қате-кемшіліктерін толтыратын, жоқ-жітікті қуантатын әрі Аллаға шүкіршілік ету үшін берілетін жан садақасы. Хадисте: «Алла Елшісі (с.ғ.с) ораза ұстаған адамды ұнамсыз сөздер мен жағымсыз іс-әрекеттерден тазарту әрі кедейлерді тамақтандыру үшін пітір садақаны міндеттеді. Кім пітірді (айт) намаздан бұрын берсе, ол пітір садақа болып қабылданады, ал намаздан кейін берсе, жай ғана садақа болып есептеледі», – делінген. Пітір садақаны беру мұсылман жыл санауымен hижри екінші жылы жария етілген. Басқа садақалар мал-мүліктен берілсе, бұл садақа кісі басына беріледі. Ханафи мәзhабы бойынша Рамазан айында мұсылман адамның өзі және отбасы үшін пітір садақа беруі – уәжіп амал. Тұрмысы нашар, яғни артық мал-мүлкі нисаб мөлшеріне жетпеген кісі пітір садақа беруге міндетті емес, сауап үшін беріп жатса өз еркі. Алайда садақаны өзінен де жағдайы төмен адамға бергені дұрыс. Пітір садақа Рамазан айы кіргеннен бастап, Ораза айт намазына дейін беріледі. Биылғы пітір садақа – жан басына 535 теңге болып бекітілді.

– Байқап отырсаңыз, қазір осы ораза құлшылығын ұстанатындар қатары жасарды. Жастардың діни білім алуына деген құлшынысы мен жұма намазға, мешітке келуінің артуы көңілге сенім ұялатады. Жалпы, жастардың белсенділігіне себеп қандай? Түсіндірме жұмыстары мен отбасындағы тәрбиенің де белсенді болғанынан ба?

– Бұл – ең алдымен тәуелсіз ел болғанымыздың жемісі. Тәуелсіздіктен бері қарай дүниеге келген жастардың имандылыққа бетбұрысы жақсы. Қазір бес уақыт намазын оқып, Рамазан айында ораза ұстап жатқан жастардың қатары артып келеді. Шүкір ғой, жүрегінде иманы бар жастар жат әдеттерден өзін тыйып қоймай, ата-анасына қамқорлық етіп, Отанын сүйіп, еліне жанашыр азамат болып өседі. Еліміздегі мешіттерде адам баласын әдептілікке, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелейтін, білім-парасатқа үндейтін жұмадағы уағыз-насихаттар жастарға жақсы жол нұсқауда. Әрбір жұмаға келген жастар өзінің жаратушы алдындағы парыз міндеттерін біліп, оны шама-шарқынша орындап келеді. Ең бастысы, отбасындағы беріліп жатқан тәрбиенің орны ерекше. Үйдегі ата-анасы баласын жаман істерден тыйып отырса, жақсы нәрселерге бағыттап, жүрегіне иман дәнін ексе, демек оның жемісі тек ізгілік болары сөзсіз.

– Шетелден діни білім алып келу жағы мінберден түскен жоқ. Бұл ретте, шетелден діни білім алудың қаупі мен артықшылығына тоқталып өтсеңіз...

– Діни білім алу жөнінде ең бірінші айтар кеңесіміз, діни білімге талап қойған жас өз елінен діни сауат ашу керек. Құдайға шүкір, қазір мешіттеріміздің жанында діни сауат ашу курстары жұмыс жасауда. Қаншама жастар мешіт табалдырығын аттап, Құран-намаз үйреніп, діни сауаттарын мешіт ұстаздарынан ашып келеді. Әрі қарай діни салада білім алғысы келген жастарға елімізде Діни басқарманың арнайы медреселері қызмет көрсетеді. Сонымен қатар «Нұр-Мүбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті – еліміздегі шоқтығы биік діни оқу ордасы. Бұл оқу орындарын бітірген түлектер білімін онан әрі жетілдірсем деген ниет білдірсе, ҚМДБ-ның Діни білім және кадр даярлау бөлімі шетелдегі келісім жасалған, бағыты дұрыс оқу орындарына ғана бағдар беретін болады. Ал енді өздігімен шетелде діни білім аламын деп кеткен жастар оң-солын танымағандықтан, діни білімнің іргетасы әуелден дұрыс қаланбағандықтан теріс бағыттағы жолдарға ілесіп кету қаупі әбден болады. Ал, Діни басқарманың бағыттап жіберген оқу орнына түскен жастар әрине теріс ағымдарға еріп кетпейді, пайдалы білім алып, туған елінехалқына адал еңбек ететін болады.

– Дін мен дәстүрді бір-біріне қарсы қоятындар көп. Бірақ қазір басылған тәрізді. Бұл ретте қандай пікіріңіз бар?

– Иә дін ұстандым деп өз дәстүрінен безінген жандар бар. Әдепкідей емес, түсіндірме жұмыстарының, дін қызметкерлерінің насихат жұмыстарының нәтижесінде біршама қалыпқа келді. Мынаны жақсы білуіміз керек. Қазақтың салт-дәстүрін жоққа шығару, ұлттық құндылықтарымызды ислам құндылықтарымен ұштастыра алмау – діни адасушылыққа әкеп соқтырары сөзсіз. Дәстүрлеріміз дінмен ұштасып жатқан рухани құндылық екенін ескерген жөн. Сондықтан дін мен дәстүрді қатар алып жүрсек иманымыз да, ұлттығымыз да берік болмақ. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биыл бес бағытпен жұмыс жасауда. Соның ең біріншісі де осы – «Дін мен дәстүр» бағыты. Өйткені дін мен дәстүр ұлттың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының салт-санасы, әдет-ғұрпы, әдебиеті мен мәдениеті мұсылманшылықтан басталады. Тіпті Діни басқарма «Дін мен дәстүр» кітабын шығарып, бұқара халыққа әр жыл сайын кеңінен насихаттап келеді.

– Уақыт тауып, сұқбаттасқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ЖӨН СІЛТЕЙТІН ЖОЛ ЕМЕС

Қазақ халқының аса көрнекті ағартушы-ғалымы, көркем сөздің ұстасы Ыбырай Алтынсарин: «Айшылық алыс жерлерден, көзді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызды» деп армандап кеткен мұратына қазіргі ұрпақ жетіп отыр. Алайда, кез келген нәрсенің күнгейі мен көлеңкелі жағы болатыны іспетті, ғаламтордың да жетістігі мен зияны болады. Ғаламтор жетістігін және қолжетімділігін кейбір теріс ниетті ағымдар өз мақсаттарына жету жолында пайдаланып келеді.

Соңғы жылдары елімізде діни экстремизмді, халықтар арасында алауыздықты тудыруда интернеттің айтарлықтай ықпалы өсті. Яғни әлеуметтік желілерде ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарды өршіту белең алуда. Бір өкініштісі, әлеуметтік желіге кірген ел тұрғындары өздерінің саяси, діни сауатының аздығынан желіде мақсатты түрде жат идеологиялы ақпараттар таратып немесе халықты әдейі арандатып отырған адамдарды қолдап, қолпаштап, «лайк» басып, астына «тисе терекке, тимесе бұтаққа» пікір жазып, теріс қоғамдық пікір тудыруға үлес қосып келеді. Ел ішін ала тайдай бұзғысы келген жат идеологияның таралуына және бүгінгі қазақтың қырықпышақ болып әлеуметтік желіде дауласуына интернеттің ықпалы зор.

Қазіргі жастар мен балалар ғаламтордың басты пайдаланушылары екені жасырын емес. Күн сайын мыңдаған ақпарат алып, мыңдаған жаңалық тыңдайды. Кез-келген сауалдың жауабын бір минутта іздеп тауып алады. Ал сол сауалдың шынайылығын зерделемейді. Яғни, ақпарат фильтрі жоқ. Бала санасы оны жасырын қарап, түрлі ойға жүгінуі мүмкін. Дін мәселесіне қатысты сауалдарды да интернеттен іздеп, түрлі әлеуметтік желілердегі теріс уағыздарды тыңдап, санасын улай бастайды. Жат ағымдар туралы айтқанда, ең алдымен жастар мәселесі қатар айтылады. Себебі, деструктивті діни ағымды таратушылар алдымен жастарды жандарына жиюға тырысады. Олардың сенгіш, ақпараттарды талдай білмейтінін жақсы біледі. Деструктивті ағымдардың ақпаратын тыңдап, кейін өзі де экстремистік топқа қалай мүше болғанын байқамай да қалады.

Бүгінгі күнде статистикалық мәліметтер бойынша дінге қызығушылық білдірген азаматтардың 73%-ы қажетті мағлұматтарды ғаламтор желісінен іздейді. Бұл көрсеткіш еліміздегі жастардың басым бөлігі діни сауатын ең алдымен ғаламторда ашатынын көрсетеді. Қоғамда радикалды діни идеялар туралы жүйелі және жоспарлы түрде ақпарат тарату жүзеге асып келеді. Бұл әрекеттер әсіресе жастарға бағытталғаны жасырын емес. Себебі, жастардың психологиясы мен иммунитеті қарсылықты тұрғыда әлсіз.



Мәселен, 2016 жылы Ақтөбе қаласында жастардан құралған діни экстремистер тарапынан лаңкестік әрекеттің жасалуына себеп болған факторлардың бірі – ғаламтор арқылы шетелдік «псевдоуағызшының» елге қару көтеру туралы берген жалған пәтуасы болатын. Сондай-ақ, сол лаңкестік әрекетке қатысқан экстремистің бірі оқиғадан кейінгі сұхбатында: «Мен діни білімді тек қана виртуалды желіден алдым. «YouTube» желісінде көптеген шейхтардың уағыздарын тыңдаған кезде шынымен де олар рас айтып отыр ма, әлде жоқ па деп бір сәт те ойланған жоқпын… Кешір мені, анашым!», – деп өкінеді. Міне, осы сынды жағдаяттар ғаламтордағы арбаушы вирустардан сақтану маңыздылыққа ие екенін көрсетеді. Яғни қазіргі ғаламтор сайттары, әлеуметтік парақшалар, блогплатформалар және басқа да байланыстырушы масс-медиа құралдары әлемде жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа қауіптің туындауына септігін тигізуде. Жаhандану кезеңінде ғаламтор және әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланып, дүниенің әр жерінде тұрақтылықтың бұзылуына әрекеттенген мұндай топтар дін атын бүркеніп, өздерін шариғаттың заңдарына негізделген мемлекет құрушы күштер ретінде жарнамалауда. Ұлы немесе қызы дінге бет бұрса, балам имандылыққа бет бұрды деп қуанады. Шын мәнісінде, ол қандай дін ұстанғанын ұқпайды. Сол үшін әрбір ата-ана өз баласының өзінің және мемлекеттің болашағы екеніне баса мән беру керек. Тәрбиесімен жіті айналысып, оның озық ойлы азамат болып қалыптасуын қатаң бақылауға алғаны жөн. Деструктивті ағымдар әке-шешенің бұл қателігін мүлт жібермей, өз мақсаттарына пайдалануы әбден мүмкін. Қазақстандағы діни радикализм мен экстремизмнің алдын алуға бағытталған жұмыстарда ағартушылық шараларға үлкен басымдық берілетіндігін айта кету керек. Елімізде тұрғындардың дәстүрлі дін түсінігіне негізделген сауатын арттыру және діни сипаттағы радикалдық идеяларды әшкерелеу мақсатында ағартушылық интернет-порталдар мен зайырлы және діни мазмұндағы көптеген интернет-ресурстар жұмыс істеуде.

Б.ҚАСЫМХАНҚЫЗЫ, Дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы

АРМАНҒА ЖЕТУ ЖОЛЫ: АЗ-АЗДАН ҮЗДІКСІЗ

Соңғы уақытта заманауи қазақы нақыштағы киімдер трендте. Қиялына қарай түрлі суреттер мен ел тәуелсіздігіне елеулі еңбек еткен ата-бабаларымыздың айтқан сөзін, алашордалықтардың бейнесін арнайы тапсырыспен киімге бастырып алатындардың да қатары қалың. Бұл бүгінімізді жасаған өткен күннің қаһармандарын ұмытпайтынымызды, жадымызда қайта жаңғыртып жатқанымызды білдіреді.
Кейіпкеріміз Асқат Мырзабай – жас кәсіпкер. Киімге принт басу арқылы өңірде ғана емес, өзге қалаларда да жеке брендін дамытып келе жатқан азаматпен кәсібі мен алдағы жоспарлары жөнінде тілдескен едік.



– Асқат, киімге принт басу идеясы қалай туындады?

– Өзім Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Рекрутинг және мансап» басқармасында қызмет етемін. Киімге принт салу идеясы студент кезден ойда болды. Ол кезде кәсіп бастау қаржылық жағынан қиын соқты. Жақсы идея – жарты жеңіс. Араға уақыт салып аталған кәсіпті 3 жігіт болып 5 ай бұрын бастадық. Елнұр Әбілқасым, Нұртілек Тоқтасын үшеуміз студент кезден доспыз. Нұртілек – университеттің медиа орталығында қызметкер. Елнұр риэлторлық компанияда жұмыс істейді. Яғни, принтпен киім дайындау біздің қосымша табысымыз. Бірақ бастамамыздан табатын табысымыз айлығымыздан көп. Ең бастысы хоббиіміз сынды сүйікті істің бірі. Үшеуміз жұмыстан кейін жиналып, барлық тапсырысты кешкі уақытта жасаймыз. Барлық керек-жарақ, техникаларды үшеуміз қаржы жинап сатып алдық. Қазір осы кәсіпке құйған ақшамыз ақталып, тұрақты пайда түсіруде. Негізінен бізге көбіне жеке компаниялар, мектептер, жеке орталықтар, ойын-сауық орталықтарынан ұжымдық киімдер дайындауға тапсырыс түседі. Ал жеке адамдардан көбіне сыйлық ретінде арнайы мерекелерде жиі тапсырыс қабылдаймыз.

– Жұмыс барысына тоқталсаңыз...

– Киімнің барлық түріне принт әзірлейміз. Негізі киімге принт басудың 4 түрлі механизмі бар: сублимация, ДТФ, флекс, тігін. Аталған механизмнің кез келген түрімен түрлі матадағы киім, материал, саптыаяқ, блокнот, ыдыс-аяқ, шоппер сынды заттарға принт жасаймыз. Осы уақытқа дейін өңірдегі университет, колледж, мектеп, ресторан, кафелерге көптеген мерч дайындап бердік. Сайлау кезінде партияларға агитациялық жұмыстар үшін арнайы киімдер де дайындадық.

Дәл қазіргі сәтте Алматы қаласындағы бір компаниямен жұмыс істеп жатырмыз. Ай сайын тұрақты 1000 дана жұмыс дәптері және 1000 дана блокнот жасап салып жіберудеміз. Яғни, киімге принт басудан бөлек кішігірім копицентр ретінде де қызмет көрсетеміз. Орталықтың өзі, әлеуметтік желідегі парақшалары «Qazaq vibe» деп аталады. Себебі алғаш кәсіп бастайтын кезде тек қазақы нақыштағы дүниелер дайындаймыз деп жоспарлаған болатынбыз. Бірақ тұтынушылар сұранысына байланысты әртүрлі бағытта жұмыс атқарудамыз.

– «Бай болу үшін кәсіп керек» дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Кәсіпті дамыту үшін жоспарлы жұмыс қажет. Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз...

– Алдағы уақытта «Qazaq vibe» қазақы нақыштағы заманауи киімдер дүкені желісін ашып, жеке бренд қалыптастыруды жоспарлап отырмыз. Республикамыздың көптеген қалаларынан филиал ашсақ деп ойлаймыз. Әзірге бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін тек дизайнерлермен киім үлгілерін дайындап жатырмыз. Бұйырса, жыл соңына дейін заманауи, күнделікті өмірге де икемделген қазақы нақыштағы киімдер тұтынушыларға ұсынылатын болады. Арманымыз айқын. Жоспар көп. Бастысы, үшеуміздің достығымыз, бірлігіміз бекем болсын. Тәуекел етіп, тынымсыз әрекет жасасақ, қолдан келмейтін, іске аспайтын арман жоқ деп ойлаймын.

– Жаңа бастамаларға сәттілік!

Сұқбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ

КӘСІПТЕН ТАПҚАН БЕРЕКЕ

Бүгінде күбі пісіп, май шайқайтын, құрты мен қатығы дастарқанының төрінен орын алған отбасы кемде-кем. Шалғай жатқан малшы ауылда болмаса, бүгінгі ауылдардың көпшілігінде төрт түлігін сай етіп, ағарғанын алдыңа тоспақ түгілі, шәйға сүтті дүкеннен «Мое»-ны арқалап келетін ағайын көп. Бұл тұрмыстың төмендегенінен де емес, тек мал асырау қиындап кеткен дәуірдің бір себебі болуы да мүмкін. «Еңбектің наны тәтті» деген ұстанымды алға қойып, осы бір қиыншылықтарға төтеп беруде жұртқа үлгі болып жүрген қоғалыкөлдік ерлі-зайыпты Азат Балғабайұлы мен Мөлдір Мейрамбекқызы – атакәсіпті жолға қойып, бейнеттің зейнетін көріп жүр.

Таң қылаң бере басталған тірлік күн ұясына батқан соң барып, бір дамылдайды. Өйткені түтіні түзу ұшқан берекелі отбасының нәпақасы мал шаруашылығынан табылып тұр. Кәсіптен береке іздеген Азат Балғабайұлы мектеп бітіре сала, темір тұлпарды тізгіндеп, облыс аумағын аралап, шаруалардың қолынан мал саудалап, оны бірнеше ай бордақылаумен айналысты. Қолына қамшы ұстаған малшы ағайынның басы қосылатын орталықтағы мал базары мен Қоғалыкөлдің арасында талайдың төрт түлігін жеткізіп беріп, нәпақасымен қоса алғыс-батасын да алып жүр. Ал жары Мөлдір Құдай берген балалардың тәрбиесінен бөлек, қол қусырып қарап отырмай, ірі қараны сауып, сүт өнімдерін өндірумен айналысады. Шеке шылқып байып кетпесең де, күнделікті ішер ас, жер наныңды табатын осы саланың отымен кіріп, күлімен шығып жүрген жандар.

– Еңбек етіп, маңдай теріңді төкпесең, нәпақаңды табу қиын. Күннің ыстық-суығына қарамай, тынымсыз тірлік ететін саланың бел ортасында жүрміз. Қазақтың атакәсібі қай уақытта да мінберде жүру керек. Қолы қимылдағанның ғана аузы жыбырлайды. «Алма піс, аузыма түс» дейтін кез емес. Отбасымның қажетін қамтып, балалардың болашағын нықтау үшін осылай қам-қарекет қыламыз. Әйтеуір, бәріміздікі нан талап. Мал шаруашылығы ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретіндердің орны емес. Осы салада жүргеніме 17-18 жылдай болды. Алдыңғы толқыннан үлгі алып, кейінгіге үйретіп келеміз, – дейді Азат Балғабайұлы.

Жас отбасы – бақыт кеп тұрақтап, шаттық кернеген шаңырақ. «Адам бала саны мен мал санын айтпайды» деп күлген Азекеңнің отбасында Құдай берген перзенттері өсіп келеді. Көпбалалы отбасы. Отанасы Мөлдір Мейрамбекқызы өткен жылы мемлекеттің көпбалалы отбасыларға бағытталған 400 АЕК көлеміндегі қолдау грантын жеңіп алып, сүт өнімдерін өндірумен айналысып келеді. Құрт-майы, қатығы мен айраны талай жұрттың таңдайында дәмі тіл үйіріп, үлкен сұранысқа ие болған. Алдағы уақытта бұл кәсіпті де дамытып, үлкен өндіріс орнына жеткізуге оның ынта-ықыласы мен ұмтылысы жетеді. Еңбектенген жанның несібесін қалмайтыны анық. Бүгінде ауыл жастарына үлгілі отбасы.

– Сиыр сауып, сүт өнімдерін сатып отырмыз. Халық қазір табиғи өнімге барынша назар аударған. Өйткені, осы күні дүкендегі түрлі қоспадан дайындалатын сүттердің бағасы қолдың сүтінен қымбат. Халықтың қалтасына қонымды бағада өнім өндіргеннің бір жақсысы – ақысын аласың әрі алғысқа бөленесің. Тек ауыл ішіне ғана емес, облыс орталығына да апарып сатамыз. Оның нәтижесінде тұтынушылар қатары артады. Ал мұнан соң мал басын көбейтіп, өнімді де арттыруға мүмкіндік бар. Кәсіпте жүрген соң жан-жақты зерттеп, ойланып жүресің. Барлығының басы-қасында отағасым жүреді, бастамасын да көтереді. Әйтпесе, әйел адамға мал шаруашылығы оңай шағылар жаңғақ емес, – дейді Мөлдір Мейрамбекқызы арқа сүйер азаматын құрметтейтінін көрсетіп.

Қай істе де бірге қол ұстаса жүретін жас отбасының тірлігіне қарап, нағыз істің адамы осылай болса дерсің?! Балаларын да бұғанасы қатпай жатып, еңбекке баулып жүр. Ұлдарының үлкендері Ринат пен Саламат қолғанатына айналған. Олар да кішкентайынан маңдай тердің ақ адал наны қалай болатынын ұғынып өсіп келеді.

– Қазақ бала тәрбиесіне ерекше ден қойған. Ұлтымыздың тәлім қағидасында жеті жасына дейін баланы патшасындай көреді, он үшіне дейін құлындай жұмсайды. Ал он үштен кейін досындай сырласады. Бала ата-анадан ешнәрсені жасырмауы керек, ойын айтуға қысылмауы керек. Одан соң «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді дана халқымыз. Балалардың ойында өмірлік ұстаз, үлгілі жан болу үшін жат әдеттерден бойымызды аулақ салып келеміз. Олардан талап ететін болмыс пен қасиет өзіміздің де бойымыздан табылуы керек. Міне, сонда ғана балаға ақыл айтып, ойындағы үлгілі образға жетелей түседі. Біздің кішкентай мемлекетімізде осындай қағидалар қатаң сақталады, – дейді Азат Балғабайұлы.

Мемлекет басшысынан бастап, қазір барлық жерде еңбек адамына құрмет көрсету күн тәртібінде тұр. Ауыл өнімдерімен жұртшылықты қамтамасыз етіп, нәпақасын еңбекпен тауып жүрген жандарға қашан да жағдай жасалу керек. Екі қолға бір күрек тауып, қолында барды ұқсатып жүрген қоғалыкөлдің жас отбасының адал кәсібі талай жанға мотивация болары анық. Өйткені, еңбек еткеннің ғана қарны тіленбей тоятынын қазекем әлдеқашан айтып кеткен.

Дәулет ҚЫРДАН,
Сырдария ауданы.
Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

«Smart glasses»: арақашықтықты Қазақ тілінде жеткізеді

Әлем сандық ақпараттар ағымымен болашаққа ілгері жылжып келеді, яғни IT саласының маманынсыз болашағымызды елестету мүмкін емес. Болжамдарға сүйенсек, 2030 жылға таман бірнеше жаңа мамандықтар қалыптасады әрі барлығы технологиямен тығыз байланыста болады.

Себебі бүгіннің өзінде IT саласына қызығушылық танытатындар саны артуда. Солардың бірі – Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8 сынып оқушысы Тамшыбай Ибраһим Сағатұлы. Ол «Smart glasses» құрылғысын ойлап тапқан.

– Жоба қалай аталады, оның ерекшелігі неде? Тиімділігіне тоқталыңызшы...

– Жоба «Smart glasses» деп аталады. Басқа құрылғылардан басты айырмашылығы, бұл оның кедергіге арақашықтықты дыбыстық сигнал немесе вибрация арқылы емес, қазақ тілінде сипаттайды. Әрине, осыған ұқсас құрылғылар бар және олар қазіргі таңда сатылымда, бірақ «Smart glasses» экономикалық тұрғыдан тиімді. Мысалы, ультрадыбыстық фонарь Сонар-5УФ-В1 құрылғысының бағасы 124,27$, ал біздің құрылғының бағасы 15$-дан аспайды. Практикалық тұрғыдан «Smart glasses» кедергіге дейінгі арақашықтықты қазақ тілінде жеткізеді, бұл құрылғыны ыңғайлырақ және сенімдірек қылады, себебі көбі диктордың дауысына көбірек сенеді.

– Жобаны жүзеге асыруға қанша уақыт кетті?

– Өзім қатарлы достарымның әр түрлі жобаны қолға алып жүргенін көремін. Оларға қарап қуанып, қызығушылық танытамын. Олардың сабақ үлгерімі де жақсы, қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласады. Әңгіме барысында жобалары жайлы, IT саласына қызығушылығы турасында әңгімелесеміз. Сол кезде байқағаным бір жобаны жасау үшін айтарлықтай уақыт кетеді. Алдымен идея туады, ол жүзеге асады. Әрі қарай дамытуға уақыт керек. Мәселен, менікіне 2 ай уақыт кетті. Десе де бұл құрылғымен жұмыс істеу ауыр болған жоқ.

– Бүгінгі таңда көз ауруы екінің бірінде бар. Бұл әрине телефонға тәуелділіктен бастау алады. Сіздіңше көзді қалай қорғауға болады?

– Ең алдымен көз дәрігеріне жиі көрініп, дәрігер берген нұсқаулыққа сүйену керек. Оның үстіне көзді телефоннан, компьютерден қорғаған жөн. Қолымыздан смартфон түспейді. Зардабын өзіміз тартамыз. Ғаламтор арқылы жаттығуларды көріп, соны орындау қажет деп санаймын. Өзім де солай істеймін. Компьютермен жұмыс істеген кезде 2 сағат сайын үзіліс жасаймын. Бұл құрылғы көзі нашар көретіндерге арналғаны белгілі. Мен көз жанары мүлде көрмей қалғанда қайта қалыпқа келмейтінін білемін. Сондықтан немқұрайлық танытпауға шақырамын.

– Ақылды көзілдірік алдағы кедергіні хабарлама арқылы айтып отырады екен...

– Ультрадыбыстық датчик кедергіге дейінгі арақашықтықты анықтайды, егер де қашықтық 3 метр болса, МП3 модуль арқылы керекті хабарлама оқиды. Жүріп-тұру қиынға соқпайды. Себебі алдында кішкентай зат болса да хабарлайды. Ультрадыбысты тетік, өз алдында тұрған нысанға дейінгі қашықтықты өлшей алады. Ол, шағылысқан дыбыс тетікке қайта оралуы үшін қажетті уақытты өлшеп, дыбыстық толқындарды жібере отырып орындайды. Нысанға дейінгі қашықтықты дюйм немесе сантиметрмен өлшеуге болады.

– Сұқбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Мөлдір САБЫРЖАН

IT-маман даярлау Қай деңгейде?

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, Қазақстандағы IT еңбек нарығында 69,5 мың қызметкер бар. Бір қызығы, 69,5 мың IT қызметкеріне 84,1 мың еңбек шарты жасалған. Сонда, бұл мамандардың 21%-ы ресми түрде кемінде екі компанияда жұмыс істейді деген сөз.

HeadHunter онлайн жұмыс іздеу және жалдау платформасының деректерін талдау нәтижесінде 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында IT мамандарына арналған бос жұмыс орындар санының бір жылда 41% өсіп, 14 мыңға жеткенін, ал 2022 жылы қаңтар-маусым айларында өсім тағы 36% құрап, 19 мыңға жеткенін көрсетті. Оның жартысы Алматыға, Астана қаласына 24%-ы тиесілі екен.

Сондай-ақ IT мамандарға сұраныс ұсыныстан бірнеше есе асып түседі. 437 жаһандық компаниялардың сауалнамасына негізделген «2021–2023 жылдарға арналған жаңа технологиялардың жол картасында» Gartner халықаралық консалтинг компаниясы АТ-басшылары маман жетіспеушілігін жаңа технологияларды енгізуге ең үлкен кедергі деп санайды. Еуропалық Одақ елдері 2030 жылы қосымша 11 млн IT маманына мұқтаж болуы мүмкін екенін алға тартады. Ал Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің деректері бойынша, Қазақстанда АКТ кадрларға жыл сайынғы қажеттілік шамамен 30 мың адамды құрайды екен. Сондықтан елдегі IT-маман әзірлеу әлеуетін дамыту кезек күттірмейтін қадам екені даусыз.

Осы орайда 2025 жылға қарай 100 мыңға жуық IT маманын дайындау бастамасы – сәтті қадам. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Bridge халықаралық технологиялық форумы алаңында айтқан болатын:

«Адам біздің басты байлығымыз екені сөзсіз. Екі жыл бұрын әлемдік IT нарыққа 30 миллион маман керек еді. Бүгінде бұл қажеттілік 100 миллионға жетті. Ал 2025 жылға қарай 200 миллионға дейін артады. Уақыт өткен сайын бұл көрсеткіш өсе береді. Сондықтан аталған салада кәсіби мамандарға деген сұраныс өте жоғары болады.

Біз бұл сын-қатерді жақсы түсінеміз. Сондықтан 2025 жылға қарай кем дегенде 100 мың жоғары білікті IT маман даярлау міндетін қойдық», – деген Мемлекет басшысы.

Бұған қоса ҰБТ-дағы өзгеріс аталған салаға серпін бермек. Мысалы, биыл IT мамандыққа түсушілер үшін ҰБТ-да информатика міндетті пән болады. Бұған дейін үміткерлер математика, физика пәндерінен тест тапсырып келген. Енді 2022-2023 оқу жылынан бастап IT-мамандықтарға түсуші талапкерлер қажетті пәндердің бірі ретінде информатикадан тест тапсырады.

Мұндай хабарды цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин facebook парақшасында жариялаған еді: «Бүгінгі таңда ҰБТ-ға дайындық – бұл жоғары сынып оқушыларын алаңдататын басты мәселе. Информатиканы қажетті пәндерінің тізбесіне кіргізу арқылы пәнді оқуға қызығушылық танытқан оқушылар санын ұлғайтуға мүмкіндік болады, бұл өз кезегінде информатика мұғалімдері кәсібінің беделі мен мәртебесін арттырады. Адам бағдарламалауды білсе, бұл оның логикалық ойлауды жетік меңгергенін білдіреді. Осы ретте ол бәсекеге қабілетті бола алады, өйткені ол информатика біліміне негізделген идеялар мен түрлі гипотезаларды іс жүзінде жүзеге асыра алады. IT саласының негіздерін үйрену – бұл тек мамандықты меңгеруде ғана емес, өмірде де пайдалы болары анық», – деп жазды Бағдат Мусин.

Жыл сайын елімізде жоғары оқу орындары мен колледждерін 20 мыңға жуық IT-маман аяқтайды. Бұл ретте жұмыс берушілер кадрлардың тапшылығы туралы үнемі айтып келеді. Сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігінің басты себебі – дайындалған мамандардың дағдыларымен білімдерінің сәйкес келмеуі.

Министрдің ойынша, болашақта барлық мамандық IT саласымен байланысты болады. Соған орай, әрбір адам математиканы білгені сияқты бағдарламалау негіздерін де білуі керек.

Жалпы елімізде соңғы екі жылда IT мамандарына арналған бос жұмыс орындарының саны артып келеді. Бірақ нарықта тәжірибиелі мамандар әлі де тапшы. Тәжірибелі IT мамандарын табу үшін жұмыс берушілер оларға басқа саладағы қызметкерлерден әлдеқайда жоғары жалақы төлеуге дайын.

Finprom.kz агенттігінің ақпаратына сәйкес, IT мамандары табысының қарқынды өсуі экономика салаларында цифрландырудың өсуіне байланысты болып тұр. Еліміздің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қызметтер нарығының көлемі артты. Мысалға алсақ, 2017–2021 жылдар аралығында ақпараттық қызметтер 72%-ға көбейіп, 1 трлн теңгеден 1,79 трлн теңгеге дейін өскені байқалады. Оның ішінде компьютерлік бағдарламалау қызмет көлемі 2021 жылы 515,1 млрд теңгені құрады. Бұл 2017 жылдағыдан (183,9 млрд теңге) үш есе дерлік көп. Сол себепті IT-маман даярлау – заман талабы ғана емес, экономиканың қозғаушы күші.

Б.ШАҒЫРОВ

5G – жаңа кезең бастауы

5G бесінші буын байланысы – бұл жай ғана өте жылдам интернет емес, ол қызмет көрсетудің және жалпы өмірдің мүлде басқа сапасы. Алдағы жылдарда жаңа технология қоршаған ортаны қалай өзгертеді? Оның артықшылықтары неде?

5G – бесінші буынның ұялы байланыс стандарты, ол сигнал берудің жоғары интернет жылдамдығы. Мысалы, байланыстың төртінші буыны (4G) бар досыңыз, «Кальмар ойыны» сериалының бірінші эпизодын 10 минутта жүктеп алса, сіз 5G арқылы осы уақыт ішінде барлық сериясын жүктеп ала аласыз. Бұл жылдамдық бизнес үшін көптеген мүмкіндік ашады, Атап айтқанда, 4G желілерінде болмаған жаңа қызметтерді іске қосуға болады.

Ақпаратты тиімді жеткізу адам дамуының барлық кезеңінде өте маңызды. Әсіресе телекоммуникация маңызды, өйткені ол ақпаратты жылдам таратуға мүмкіндік береді. Бұл саладағы жетістіктер өте маңызды. Қазіргі уақытта аз ғана адам 4G желілерінің жылдамдығы бізге жетеді деп айтуы мүмкін. Даму ешқашан тоқтамайды.

Жалпы, 5G технологиясы әртүрлі салаларда қолданылады. Деректерді берудің жоғары жылдамдығының арқасында 5G желілері ойындар саласында қолданылады. Сонымен қатар, 5G – смарт үй және IoT синонимі. Бүгінгі күні сіз IoT-ге қосылған көптеген құрылғыны табасыз. Олар: шам, розетка, құлып, үндеткіш, тұрмыстық техникалар. Барлығы бір экожүйеде кідіріссіз жұмыс істеуі үшін деректерді беру жылдамдығы жоғары жақсы байланыс қажет.

Медицинада да аталған технологияның үлесі мол. Мұның көмегімен дәрігер мыңдаған шақырым қашықтықтағы науқастарға ультрадыбыстық зерттеу жүргізе алады. Дәрігер нақты кездесудегідей барлық ақпаратты алады. Сондай-ақ 5G ақылды немесе ұшқышсыз көліктерді дамытуға көмектесетін әлеуетке ие. Смарт жолдармен, бағдаршамдармен, автотұрақтармен, жол белгілерімен өзара әрекеттесу мүмкін болады. Барлық дерек «бұлттық» қоймада тасымалданады және сақталады.

Ал 5G-ді қалай пайдалануға болады? Жаңа буын мобильді желінің барлық мүмкіндігін пайдалану үшін біз осы стандартты қолдайтын құрылғыны сатып алуымыз керек. Сонымен қатар базалық станцияның қолжетімді жерінде болу қажет.

Көп ұзамай 5G модемдерімен жабдықталған алғашқы смартфондар нарықта пайда болады. Дегенмен, жаңа байланыс стандарты бірнеше жылдан кейін ғана танымал болады. Сарапшылар бұл кезең бес жылға созылуы мүмкін деп санайды.

GSMA ұялы байланыс операторларының халықаралық сауда ұйымының бағалауы бойынша, 2025 жылға қарай ұялы телефондардың жартысы ғана жаңа 5G желісін пайдаланса, қалғандары ескі технологиялармен – 4G және 3G-мен жұмыс істейді.



5G стандартына әртүрлі ұйымдар тапсырыс беруде, бірақ ол осы стандарт үшін жасалған Халықаралық электр байланысы одағының шектеулеріне сәйкес келуі керек. Халықаралық электр байланысы одағы (бұрынғы Халықаралық телеграф одағы) 193 елді біріктіреді.

5G желілерінде қолданылатын технологиялардың бірі — NR-3GPP жасаған жаңа деректер беру стандарты. Дәл осы ұйым LTE деп аталатын 4G желілері үшін ұқсас технологияға жауап береді. NR-ді бүкіл әлемде кеңінен қолдану мүмкіндігі жоғары. 3GPP ұйымында Еуропа, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан және АҚШ-тан келген жеті ұйымдастырушылық мүше бар.

ТЕАТР ҰЖЫМЫ МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Халықаралық театр күніне орай Жастар театрының ұжымы «Олимптің күйреуі» мифологиялық драмасын көрермен назарына ұсынды.

Шараға қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов қатысты. Жалпы, өнер атаулының ішіндегі шоқтығы биігі – театр. Театр адам баласының жан дүниесін байытып, ізгілік пен зұлымдық, махаббат пен қиянат сынды қасиеттердің ара жігін ажыратуға, адамгершілікке тәрбиелейді. Әсіресе, өскелең ұрпақтың бойындағы мәдениетті дамытуда рөлі айрықша.

– Жастар театры ұжымын алғаш үйірме ретінде ашылған сәтінен жақсы білемін. Театр мәселесінің ең жанды жері – репертуар болса, өнер ұжымы бұл күнде түрлі жанрмен жарақтанып, шырқау шыңдарға беттеп барады десем қателеспеймін, – деді Ж.Сейілов.

Сондай-ақ, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық академиялық драма театрының директоры Мұхтар Ниязов белгілі өнер тарланы Оңталап Нұрмаханов бастаған Жастар театры ұжымына шығармашылық табыс тіледі.

Қала әкімінің орынбасары театр артистерін кәсіби мерекемен құттықтап, облыс, қала басшылығының арнайы Алғыс хаттарын табыс етті.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Сыр өңіріндегі Зияткерлік мектеп оқушылары, ата-аналары және ұстаздары аймағымыздағы Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйінде болып, қайырымдылық акциясын өткізді.

«Алаш» және «Бұхарбай батыр» шаңырақ белсенділері интернат тұрғындарына концерттік бағдарлама әзірледі. Өнерпаздар ұлттық би мен патриоттық әндер орындаса, аспаптар ансамблі қазақтың күмбірлеген қара домбырасында ойнап, тыңдарманға жырдан алқа тақты.

Бүгінде мекемеде 179 адам, оның ішінде 71 мүмкіндігі шектеулі жан мен 99 қарт тұрмыстық, медициналық және әлеуметтік көмек алып жатыр. Концертке келген ақ жаулықты әжелер мен ақсақалдар оқушылармен бірге сүйікті әндерін шырқады.

Концерт соңында ұйымдастырушылар асыл қазынамыз – қарттарды көктем мерекесімен құттықтап, кесте тоқу, тоқыма жасау және ағашпен жұмыс жасауға қажетті құрал-саймандарды сыйға тартты.

ҮЗДІК ОЛИМПИАДАЛЫҚ КОМАНДА

Шымкент қаласында жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша республикалық олимпиада өтті.

Білім додасына 9-11 (12) сынып оқушылары математика, физика, химия, биология, география және информатика пәндері бойынша бақ сынады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілген олимпиаданың республикалық кезеңіне Сыр өңірінен 38 оқушы қатысып, 18 оқушы жүлделі (5 оқушы – I орын, 5 оқушы – II орын, 8 оқушы – III орын) орын иегері атанса, 2 оқушы грамотамен марапатталды. Сондай-ақ 3 оқушыға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің білім гранты табысталды.

Сайыс қорытындысымен Қызылорда облысының командасы «Ең үздік олимпиадалық команда» аталымын иемденді.

Ағымдағы жылдың 3-7 сәуір күндері қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер бойынша өтетін республикалық олимпиадаға 29 өрен қатысатын болады.

МАҢЫЗДЫ САЛАДАҒЫ ІЛКІМДІ ІСТЕР



Ветеринариялық іс-шаралар – ҚР «Ветеринария туралы» Заң талаптарына сәйкес, халық денсаулығын бұған қоса жануарларды қорғауға, ем шараларын жүргізуге, ветеринариялық-санитариялық, профилактикалық іс-шаралармен қамтамасыз етуге бағытталған кешен.

Қызылорда қаласы бойынша биыл эпизоотияға қарсы ветеринариялық іс-шараларды жүргізу 11 ауру түріне (8 вакцинация, 2 аллергиялық зерттеулер мен 1 дегельминтизация) қарсы вакцинациялау шаралары, диагностикалық зерттеуге қан сынамаларын алу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар мүйізді ірі қара малының өттеуі, мүйізді ірі қара малының пираплазмозы, уақ малдың бауыр құрты ауруы, жылқының гастрофилезі, жылқының сақау ауруына, түйенің қатпа ауруы сияқты аурулардың алдын алу бағытындағы ветеринариялық іс-шаралары да қоса атқарылды.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бағдарламасы бойынша ҚР АШМ-нің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығына сәйкес, бірдейлендіру іс-шаралары, биылғы жылдың ақпанынан бастап ауыл шаруашылығы жануарларын есепке алу шаралары жүруде. Қызылорда қалалық полиция басқармасының 2021-2023 жылдарға арналған бірлескен жоспарындағы ветеринария саласында құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша қала көлемінде мал базары мен мал сою алаңдарына қалалық жергілікті полиция басқармасымен бірлесіп рейдтік шара ұйымдастырылды. Ветеринариялық санитариялық мақсатында заң талаптарын сақтамаған 4 азаматқа ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 406-бабына сәйкес хаттама толтырылып, айыппұл салынды.

Қазіргі таңда ветеринариялық талаптарды сақтамаған, белгіленбеген жерде балық, жануарлар және жануарлар өнімін сатқан азаматтарға қалалық полиция басқармасы арқылы ескерту берілуде.

БАҚ-та және «фейсбук» әлеуметтік желісіне ветеринария саласына қатысты өзекті мәселелер, соңғы жаңалықтар жарияланып, атқарылған ветеринариялық іс-шаралар жөнінде түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Б.АХМЕТОВ,
ВБжҚК
Қызылорда
қалалық
аумақтық
инспекция
басшысы

БІЛІМ – САРҚЫЛМАЙТЫН ИНВЕСТИЦИЯ

Биыл еліміздің жетекші университеті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 88 жыл толып отыр. 1934 жылдың 15 қаңтары Қазақстандағы тұңғыш көп салалы университеттің ресми ашылу күні болып саналады. Сол күні оқытушы-профессорлар құрамы туралы бұйрыққа қол қойылып, алғашқы студенттерді қабылдау басталды. Оқу орны құрылғалы бері Қазақстанның әлеуметтік-саяси өміріне және экономикасына аса зор үлес қосып келеді. Бүгінде ол халықаралық ғылым және білім беру кеңістігінде өзінің лайықты орнын алып, жоғары білім саласындағы әлемдік көшбасшы университеттің біріне айналды.

Қазақ ұлттық университеті 2022 ж. QS (Ұлыбритания) рейтингтік агенттігінің ранжировкасы бойынша әлемдік жоғарғы оқу орындарының ішінде сапа көрсеткіштері бойынша Топ-200 университетінің ішінде 150-орынды иеленді.

Бұл – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен.14 факультеттен тұратын білім мекені – сапалы оқыту әдістемелерімен ерекшеленеді. Әсіресе – Экономика және бизнес жоғары факультеті қазіргі заманғы базамен жабдықталған төрт кафедрадан тұрады. Факультетте техникамен жабдықталған мамандандырылған кабинеттер жұмыс істейді. Сонымен қатар, ғылыми және оқу әдебиетінің бай қорымен жабдықталған кітапхана бар. Студенттер сабаққа мамандандырылған оқу залдарында, оқу-әдістемелік аудиторияларда дайындалады, практикалық, зертханалық сабақтар өтетін және тест түріндегі емтихандар қабылданатын компьютерлік класстар бар.

Кафедра бухгалтерлік есеп және аудит, қаржы саласында бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды дайындайтын кафедра болып табылады. Бұл кафедрада профессор-оқытушылар құрамының сапасын арттыру бойынша жұмыстар үнемі жүргізіліп отырады. Жыл сайын профессорлық оқытушылар құрамы шетелдегі жетекші ЖОО-ға біліктілікті арттыруға барады. 30 артық пән бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім береді. Міндетті пәндермен бірге элективті пәндер де оқытылады. Кафедра бойынша элективті курстардың ерекшеліктері –- экономиканың әртүрлі салаларында жұмыс істейтін бухгалтерлерді дайындау кезінде тәжірибелік қызметке көп көңіл бөлінетіндігінде.

2012-2013 оқу жылынан бастап «Есеп және аудит» мамандығы бойынша тек ағылшын тілінде білім алатын студенттер тобы қабылданған. Бүгін біздің студенттер диплом алғаннан кейін нарықта сұранысқа ие, оқу процесін үзбей кез-келген студент халықаралық бухгалтерлік есеп саласы бойынша CIPA сертификация бағдарламасы CAP – сертификатталған тәжірибелі бухгалтерге оқып, сертификат алуға мүмкіндігі бар.

Академиялық мобильділік шеңберінде «Қаржы және есеп» – «Entrepreneurial University as a model for proper managerial interrelation among education, science and innovation development» секілді тағы да басқа көптеген ғылыми конференциялар, симпозиумдер, көрмелер өткізіледі. Жыл сайын оқытушылар халықаралық ғылыми практикалық конференциялар мен семинарларға қатысады.

Факультет студенттері әртүрлі халықаралық және республикалық конференциялар мен байқауларға қатысады. Экономика факультетінің студенттері тек қана кәсіби дайындықты игеріп қана қоймай, сонымен бірге қоғамдық өмірге де белсенді. Факультеттің жастар комитеті әртүрлі олимпиадалар, белгілі тұлғалармен кездесулер ұйымдастырады. Факультеттен тыс әртүрлі пікірталастар, интеллектуалды ойындар және дөңгелек үстелдер ұйымдастыратын интеллектуалды-дискуссиялық клубтар қарастырылған. Оқу процесіне өзін-өзі басқару элементтерін енгізу, жастардың мәдени-жалпылама және спорттық жұмысын ұйымдастыру, саламатты өмір салтын ұстануды насихаттау, оқу-тәрбие процесін жетілдіруге атсалысатын студенттік деканат қызмет етеді. Нәтижесінде студенттер тек қана өз ісінің маманы ғана емес, көшбасшы болып қалыптасады.

Г.НҰРҒАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Экономика және Бизнес
Жоғары Мектебі, э.ғ.к, доцент

«ИНТЕРНАТ НАНЫ»

Ешқашан ата-анадан жырақ, интернат не жатақханада тұрып көрмеген, қазіргі тілмен айтқанда, комфорт зонасынан шықпаған кісінің бірі – менмін. Әкем мен шешем қашан да қасымнан табылып, қажеттілігімнің бәрін қамтамасыз етеді. Сол себепті ме, әйтеуір интернатта тұратын таныс-білістің өміріне қызығатынмын. Жатақхананың вайбы бөлек. Өзіңмен құрдас-қатарластармен тұрудың қызығы өз алдына бір бөлек әңгіме ғой, шіркін... Қызығы мен шыжығын Шерхан Мұртазаның "Интернат наны" әңгімесінен тереңінен түсінгендей болдым. Мүлде бөлек тұсынан...

Үй-жайдан жырақ, ата-анадан алыс, тілім нанға "тойып" жүру өте қиын. Айлап аңсаған ата-анаңды бір көрудің өзі қандай бақыт?! Әкелген құрт-майы, шелпектері ше? Бір сәт шаңырақтағы балашағаның аузынан жырып әкелгенін есіңе алсаң, асың «атауға» айналып, асауға арың бармай, іштей қынжылып та аласың. Бірнеше айлық мауқыңды бір мезетте басу қиын, әрине. Бірақ, амал қанша? Тәртіптің аты қашан да тәртіп!

Интернатта өскен бала мен үй баласының арасы көк пен жердей. Үйдегі баланың жөні бөлек. Интернат баласына бітетін бірінші қасиет – жауапкершілік. Өзіңе өзің жауап беріп, өзіңді өзің қорғап, асыраушың да өзің атанатын шақ. Өз бетіңмен шешім қабылдауға бейімделетін шақ. Ал, келесі қасиет – тәртіп. Дисциплинаға үйренген адамның өмір салты өзгеше. Бір уақытта оянып, бір уақытта ұйқыға кету. Күнделікті бір тамақты ішу, тапсырманы бір мезгілде орындау. Күн сайын көретінің бір адамдар. Бұл факторлардың бәрі тәртіпке ғана емес, тұрақтылыққа да тіреледі. Әрекет әдетке, әдет өмір салтына айналатын сәт осы.

Адамгершілік. Адалдық. Бұл құндылықтарды да дәл осы жерде бойыңа сіңіресің. Достыққа адал боп, біріңді бірің сатпай, бірлікте берекенің барын ұғынасың. Ортаның әсерін осында ұғынасың. Жіпке тізсең, жүзден асады.

Мен түйген ой. Интернаттың берер наны – автор айтқандай, «тілім қара нан» емес, меніңше. Интернат берер нан бөлек. Бір қалта бидай, қуырылған жүгері не құрт та емес. Интернат берер нан – тұлға болып қоғамда бекініп орнығуға қосар үлес. Үлкен өмірге бастаушы қадам.

Ерте жетілу. Қатыгез қоғамда бәсекеге қабілетіңді шыңдай отыра, шынайы адамдық қасиеттердің құнын білу. Біліп қана қоймай, бойыңа сіңіру. Қара нанның қасиетін білу. Қулыққа да бару бар арасында. Бірақ қашанда адам болып қалу қағидасын ұстану. Міне, осы. Интернат беретін нан – осы. Бұл «нанның» өзгешелігі – қашанда саған азық болады. Қашанда қарыңды тойдырады. Қиқымына дейін киелі «нан».

Мерей КӨШЕРБАЙ,
Қорқыт Ата атындағы,
Қызылорда университетінің
2 курс студенті

КҮНДЕЛІКТЕГІ ОЙ

Өмірде даналықпен қоса тәжірибе жинаймыз. Қателесіп, одан сабақ аламыз. Кез-келген өмірлік оқиға біз үшін сынақ.

Мен көбіне ақыл мен жүректің үнін тыңдаймын. Ол кез-келген жағдайда қалай әрекет ету керегін, сынақтан қалай шығу керегін, бәрін басшылыққа ала отырып шешеді. Дүниеге келгендегі бәріміздің «миссиямыз» бірдей секілді болып көрінеді. Бірақ олай емес. Жаратушы бізге өмір сыйлайды, оң бағыт береді. Әрі қарай тура жолмен жүру, жүрмеу өзімізге байланысты.

Кейде бізге бүкіл өміріміз алда сияқты көрінеді, бірақ олай емес. Бірнеше жылдан кейін біз уақыттың аяусыз екенін байқаймыз. Жер бетінде мәңгілік ештеңе жоқ. Бір сүріп жатқан өмірді уақыты келгенде екінші адам меншіктейді. Сондықтан қазіргі таңда өміріміздің әр күнін тек жақсылықпен, қуанышпен толтыру керек.

Алға қойған мақсатқа жетер жолда түрлі қиындықтар болатыны сөзсіз. Бірақ мойымау керек. Мысалы, жастық шақта жұмыс істеуге, ғашық болуға және достасуға уақыт керек. Орта жаста адамның отбасы, балалары болуы керек. Егер адам бүгін мақсатына ұмтылмаса, уақыты болмаса, ол жасы ұлғайған кезде бұрын жасалмағанның бәрін іске асыруға және басқаруға тырысады. Мен үшін жақсы көңіл-күй қалыптастыру өте маңызды, әрқашан позитивті болуға тырысамын. Таңертең көңіл-күйім нашар болса, мүлдем ештеңе істегім келмейді. Сабаққа немесе жұмысқа деген зауқым болмайды. Ең жақсы жылдарыңызды үмітсіздік пен қайғыға берудің қажеті жоқ. Сіз әрқашан қуануыңыз керек. Бірақ адам табиғаты күрделі. Егер ол үшін бәрі жақсы болып жатса, онда ол жамандық туралы ойлана бастайды, оған әлі де бір нәрсе дұрыс емес.

Өмірдің мынадай бір қағидасы бар: сіз өмір сүресіз, әр минут сайын сіз өмірдің қуанышын күрт сезінесіз. Бұл – адамдардың өмір бойы ұмытпайтын сезімі. Әркім мұны әртүрлі түсінеді. Біреу Отанға қызмет ету арқылы, біреу жеке материалдық пайдасымен, беделімен, табысымен, біреу қоғамға пайдасын тигізумен, адамдарға қызмет ету арқылы. Біреу өмірдің мәнін отбасылық жылулық пен ұрпақ жалғастырудан көрсе, біреу діннің мәнін философиялық ойлардан,



экстремалды спорттан, құмарлықтан, басқаларға билік етуден көреді.

Өмір көңілді, жайдарлы адамдарды жақсы көреді, өксікпен, пессимистерге күле қарамайды. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білу керек, өйткені өмір әр адамға берілетін ең ерекше, пайдалы және баға жетпес сыйлық!

Дамира ЕРЛАН,
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
3 курс студенті

ЖАРҚЫН БОЛА МА?

Еліміз 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялағаннан бастап, алға қадам басып келеді. Биыл Егеменді Ел болғанымызға тура 30 жылдан асты. Осы аз уақыт ішінде еліміз көптеген белестерді бағындырды. Алайда тарихы тереңде жатқан қазақ дейтін ұлттың болашағы қандай болмақ? Біз кейде «жарқын болашақ» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Бұл дегеніміз елдің өз тұтастығын сақтай отыра, мемлекеттің ешқашан «өлмейтінін» ұғыну. Ал біздің болашағымыз жарқын бола ма?

БОЛАШАҒЫМЫЗ

Қазақ жұрты өзге елдің боданына бұғауланбай, өз тәуелсіздігіне аса қиындықпен қол жеткізді. Ал оны сақтап қалу үшін әлі де күресіп келеді. Ендеше осындай рухы биік, керегесі берік ұлт қашанда мәңгі өмір сүруге лайық деп есептеймін. Еліміздің ертеңі жарық деп толық сеніммен айта аламын. Ал енді сәл қиялға ерік беріп, Қазақстанның келешегі жайлы сөз қозғап көрейік.

Тіпті «болашақ» деген сөздің өзі құлаққа жағымды естіледі. Барлық жақсы сол бір болашақта секілді. Оны естігенде, әрине, көз алдымызға елестейтіні аспанда ұшатын көліктер, көшеде емін-еркін жүретін адам қалпындағы роботтар, айналамыз қоршалған әйнекті, зәулім ғимараттар және тағы басқалары. Аталғандардың басым көпшілігі елімізде бар және әлі де даму үстінде. Демек, біз сол «болашаққа» жақындап келеміз.

Әрбір адам «Отан маған не берді деп емес, мен Отаныма не бере аламын» деп ойланса, мемлекет келешегіне алаңдамауға болады. «Бірігіп көтерген жүк жеңіл» демекші, ел болашағы әр азаматтың қолында. Сол себептен, мен де «өз елімнің дамуы мен көркеюі үшін не істей аламын?» деп жиі ойланамын. Болашақ қазірден басталатынын ұмытпау керек. Дәл осы сәтте жай ғана оқушы болсам да, білімге көз тігу дейтін өзіме берілген басты міндетті орындай отыра елімнің ертеңіне үлес қоса аламын. Талмай оқып, өз мамандығымды түбегейлі меңгеріп, Отаным мен ондағы халыққа адал қызмет етуді мақсат етемін. Айналамдағы жандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, өзімнен кішілерге дұрыс бағыт-бағдар беріп, жүрген жерімде табиғаттың тазалығын сақтау арқылы мен ел болашағын жасаймын. Әрине, бұл ұсақ-түйек нәрсе болып көрінуі мүмкін. Алайда үлкен жетістіктер кішкентай қадамдардан тұрады. «Жарқын болашақ» дейтін жоспарлаған үлкен мақсатымызға бірге жетейік! Дәл осы қарқынмен кездескен қиындықтарға қарамастан, тоқтамай жұмыс жасайтын болсақ, ел болашағының жарқын болуына кепілдік бере аламыз.



«Енді не істеймін?!» деді де қолындағы жұлынған шаштарға қарап, көзінен ыстық жас бұрқ етті. Әр маңызды күнде Арунаның жолына осылай кесе көлденең тұратын нәрселер көбейіп кетеді. Сол үшін де өзін «жолы болмайтын бақытсыз» сезінетін. Бүгін осы бір бақытсыз жанның туған күні еді. Тіпті осындай күні өзінің туғанына өкініп, кінәлай бастаған. Оған себеп таң атпай бүкіл жоспарының астан-кестеңінің шығуы.

«БАҚЫТСЫЗ» ЖАН

Таңнан ерте оянған Аруна таңғы шайын көңілді отырып ішті. Бүгінгі күннің қалай өтетінін көз алдына елестетіп, өз-өзіне дән риза. Жылына бір келетін жеке мерекесін достарымен өткізу үшін үйіне қонақ етуді ниет еткен. Әдейі ата-анасы болмайтын күнді таңдап та алған. Алайда оның дамылсыз жымиып күле беруіне себеп ол емес. Шақырған достарының арасында оған ең жақыны, сезімі бөлек бір жанның болуында еді. Оның келетінін ойласа болды жүрегі елжіреп, істегелі тұрған ісін ұмытып кетеді. Осы бір жарқын көңіл-күймен отырды да, туған күніне дайындалуға кірісті. Алдымен, «қыз көркі – шашы» деді де, жуынуға қамданғаны сол еді, судың тоқтап қалғанын байқады. Аруна еш қаймықпастан, дүкеннен су алып, қайната бастады. Кейде өзін «ақылдым» деп еркелетіп те қояды. Шашымен ісі біткен соң үстелге асқа қажетті ыдыстар мен тағамдарды орналастырды. Есіне анасының жаңадан алған тәрелкелері түсіп, алу үшін биік сөреге қолын созды. Қалай екені белгісіз тәрелкелер қолына ілікпей қалды ма, жерге бірінен соң бірі тарс етті де, бөліктер жан-жағына ұша бастады.

Арунаның көзі жасаурады. Алайда көзі кешке ісіп кетпеуі үшін өз-өзін сабырға шақырып, тәрелке сынықтарын жинай бастады. Кешегі өзі дайындаған түрлі тәттілермен үстел үстін жайнатты. Ендігі кезек сырт бейнесінде. Айна алдына анасының бет бояйтын бір сөмке құралдарын әкеліп қойды да, бірінен соң бірін пайдалана бастады. «Болдым» деген соң нәтижесін көруге айнаға қараған. Орнынан атып тұрып, қол жуатын бөлмеге барды да, бетін ысқылап жуа бастады. Ұнамағаны сонша қайтадан боянуға зауқы соқпады. Уақыт та тым аз қалып еді. Іштей ашуға булыға бастады. Кейін киімдерінің арасындағы ең көзтартарлық әсем көйлегін қолына алды. Бұл – анасымен бірге ұзақ іздеп жүріп, әрең таңдап алған киімі болатын. Енді оны үтіктеуге кірісті. Бірақ оның бұраушысы әдеттегіден бөлек күйде тұрғанын байқамап еді. Көйлегіне басқаны сол-ақ екен, білек жеңін толықтай күйдіріп алды. Қолына үтігін ұстағалы күйде сол орнында қатты да қалды. Әрине, бұл Арунаның көңілінің түсуіне үлкен себеп болған. Бірақ сол сәтте анасынан қоңырау түсті. Арғы жақтан: «Қызым, бәрі жақсы ма?» деген дауысты естігенде күшін қайта жиғандай болды. Әлі де бәрінің ойдағыдай екеніне өзін көндірді. Анасымен сөйлесіп болған соң бөлмесінен басқа киімін алып киді. Бұл жолы үтіктемеді. Достарының келуіне уақыт сәл қалыпты. Енді кепкен шашын әдемілеп тарап, бұйралай бастаған. Сол арада телефонына бірінен соң бірі түскен хабарландыруларға көзі түсті. Келген хаттарға жауап бермек болып, телефонын қолына алған. Қалай ұзақ отырып қалғанын байқамады-ау шамасы. Тек күйген иісті сезгеннен кейін ғана шашындағы бұйралағышты тартып қалды. «Енді не істеймін?!» деді де қолындағы жұлынған шаштарға қарап, көзінен ыстық жас бұрқ етті. Бұл жолы өз-өзін ұстай алмады.

Бүгіндікке болған сәтсіздіктері кезек-кезек есіне түсіп, жасын тоқтата алмады. Ішіндегісін шығарып алғаннан кейін, орнынан тұрып, сағатқа қарады. 15 минут. «Үлгеремін» деді де, беті-қолын жуып, түрі мен шашын ретке келтіре бастады. Үй қоңырауы. Достарының келгенін сезді. Қызарған көздерімен есікті ашып еді, орнында қатты да қалды. Бір қолында гүлі, екіншісінде торт ұстаған «достарының ішіндегі ерекшесі» тұр екен. Аруна оны шақырса да, келеді деп ойламаған. Алайда есікті ашқанда, алғаш көргені сол болды. Қалғандары ысқырып, құттықтап, бірінен кейін бірі үйге кіре бастады. Көш соңында қалған жігіт Арунаға қарап тұрып: «Сен боянбасаң да, әдемісің» - деді. Бір ғана сөз Арунаның бүгінгі сәтсіздіктерін ұмыттырды. Ішкі әлемін төңкеріп, жанына жайлылық орнатты. Таңғы күлкісі жүзіне бірден оралды. Бұл оның өміріндегі естен кетпес әрі қайталанбас күні болды. Енді Аруна өзін «жолы болмайтын бақытсыз» сезінбеді.

Аружан САДЫҚБЕКОВА,
№136 мектеп-лицейінің
11 сынып оқушысы

ЖАНҚОШ ТҰРАРОВ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Алматыда өткен кәсіпқой бокс кешінде қазақтың қайсар ұлы Жанқош Тұраров бірінші жартылай орта салмақ дәрежесі бойынша IBO нұсқасының чемпиондық белбеуін иеленді. Ол мексикалық Алехандро Менесесті техникалық нокаутпен тізе бүктіріп, жеңіс тұғырынан көрінді. Бұған дейін аталған чемпиондық белбеу Алехандро Менесеске тиесілі болған. Мексикалық өткен жылы ұлыбританиялық былғары қолғап шебері Сэм Максвелді айқын басымдықпен ұтып, әлем чемпионы атанған болатын. 32 жастағы Мексиканың марқасқасы кәсіпқойлар арасында 21 кездесу өткізіп, 16 рет жеңіске жетті. Тоғыз қарсыласын есінен тандырды. Міне, осындай айтулы боксшы Жанқошқа есе жіберді.

Жанқош Тұраровтың жүріп өткен жолы қазақ жанкүйерлерінің көз алдында. Талай талантты жастардың томағасын сыпырған Сағатбек Мұсахановтай майталман маманның қол астында жаттығатын қандасымыздың кәсіпқойлар арасында күш сынасып жүргеніне 14 жылдан асты. Сол аралықта 26 рет жұдырықтасқан Жанқош бірде-бір рет жеңілістің кермек дәмін татқан емес. 19 қарсыласын жұлындай ұшырды. Бұған дейін Тұраров Қазақстаннан бөлек, АҚШ, Доминикан Республикасы, Эквадор және Ұлыбританияда өнер көрсетті.

Өзіне ғана тән жұдырықтасу мәнерімен көзге түсіп, жанкүйерлер жүрегін жаулап алған Жанқош осы күнге дейін де бірнеше ортаңқол нұсқалар бойынша чемпиондық белбеуді иеленді. Десек те, осы сәтті ол ұзақ күткен еді. Алматыда өткен бокс кешінде оның басымдығы бірден байқалды. Менесес бір қарағанда қопалдау және епсіздеу көрінгенімен, ашық айқасқа барудан еш қаймықпайтын нағыз қайсар жігіт екен. Бойы мен қолының ұзындығын өте жақсы пайдаланады. Жекпе-жек барысында ол «өліспей беріспеймін» дегендей сыңай танытып, Тұраровқа әжептәуір қарсылық көрсетті. Тіптен, бірнеше ауыр соққыларын да дарытты.

Қазақ боксшы бұл жерде қожайын кім екенін көрсету үшін үнемі шабуыл өтінде жүрді. Әсіресе, оның үшінші және төртінші раундтарда жұмсаған ауыр соққылары қарсыласын тәлтіректетіп тастағандай көрінді. Тек гонгтың арқасында ғана Алехандро «аман» қалды. Тоғызыншы раундтың соңында мексикалықтың көзі қанап кетті. Үзіліс кезінде дәрігерлер оған көмек көрсетіп, жекпе-жекті жалғастыруға рұқсат берді. Бірақ Менесестің бапкерлері боксшының денсаулығын ойлап, 10 раундта рингтің ортасына шығармады. Сөйтіп, техникалық нокаутпен жеңіске жеткен Жанқош Тұраров әлем чемпионы атанды.

«Алматы Аренада» өткен жарыста тағы бірнеше өте қызықты жекпе-жектерді тамашаладық. Атап айтсақ, Бекман Сойлыбаев (15-1, 6 КО) осыған дейін ешкімнен жеңілмеген филиппиндік Женел Лаусаны (12-0, 7 КО) үшінші раундта бүйірден ұрып құлатып, WBA Inter-Continental нұс-қасының алтын белбеуін иеленді. Дәурен Елеусінов (10-2-1, 9 КО) өзбекстандық Бахром Паязов (22-21, 15 КО) екінші раундта есінен тандырды. Танымал бапкер Дастан Сәдуақасовтың шәкірті Бауыржан Бейілдиновтің де өнері жергілікті жанкүйерлердің көңілінен шықты. Тең дәрежеде өтіп жатқан бәсекенің төртінші раундында ол өз қарсыласын бауырдан оңдырмай ұрып, нокаутқа жіберді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ШАВКАТ РАХМОНОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Президент даңқты спортшыны таяуда Лас-Вегас қаласында өткен UFC турнирінде жеңіске жетуімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Рахмонов секілді мықты атлеттердің жеңіске деген ерік-жігері мен жетістігі өскелең ұрпақты жігерлендіретінін, саламатты өмір салтын ұстануға ынталандыратынын айтты.

Сонымен қатар Президент спортшының алдағы уақытта биік белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді.

Өз кезегінде Шавкат Рахмонов арнайы қабылдағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ ол жанкүйерлердің үмітін ақтап, еліміздің мерейін асқақтата беретінін жеткізді.

«GRAND SLAM»: МАҒЖАН ЖЕҢІСІ

Грузияның Тбилиси қаласында Дзюдодан өтіп жатқан «Grand Slam» жарысында 60 келі салмақта Мағжан Шамшадин қола жүлдегер атанды.

Мағжан алғашқы айналымда Кипр балуанын иппонмен жеңсе, екінші айналымда өзбек балуанын екі ваза ари ұпайымен қапы қалдырды. Ширек финалда Грузияның жас жұлдызы Георги Шардалашвилиге есе жіберіп жұбаныш белдесуге күресті. Жұбаныш белдесуде Португалиялық Лопец Родрига Костаны ваза аримен жеңіп қола медаль үшін күресуге мүмкіндік алды. Қола медаль үшін Қазақстандық балуан Қанат Сейілханды жеңіп, қоланы місе тұтты.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІ ҚОШҚАРДЫ КӨТЕРІП, РЕКОРД ЖАҢАРТТЫ



Алматы қаласында Наурыз мейрамы аясында Ұлттық спорт түрлерінен өткен жарыста Қорғаныс министрлігі Орталық спорт клубының әскери қызметшісі ефрейтор Бауыржан Әбдіқайым рекорд жаңартты.

Екі сағат ішінде ол 50 келі болатын қошқарды 2050 рет көтеріп, жаңа рекорд орнатты. Осыдан бір жыл бұрын Бауыржан қошқарды 1600 рет көтерген болатын. Жалпы бұл оның осындай жарыстағы сегізінші жеңісі.

– Мен өз рекордымды ерік-жігері мықты қазақ халқына арнадым. Әрине күш-қуат тұрғысынан оңай болған жоқ. Бірақ шыдамдылық пен күнделікті жаттығулар өз нәтижесін көрсетті. Маған қолдау көрсеткендерге рақмет. Алға, Қазақстан! – деді спортшы.

Ефрейтор Бауыржан Әбдіқайым Орталық спорт клубында 2017 жылдың мамыр айынан бастап коменданттық взводтың аға сарбазы лауазымында қызмет атқарып келеді. Спортшы Алматыда ұйымдастырылатын республикалық, қалалық марафондар мен ірі спорттық іс-шараларға тұрақты түрде қатысып тұрады.

Биыл Отан қорғаушылар күніне орай ефрейтор Бауыржан Әбдіқайым Алматыдан Таразға дейін жүгіруді жоспарлап отыр.

КӨПТЕН КҮТКЕН ЖЕҢІС

Футболдан 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңі жалғасуда. Кеше ғана біздің жігіттер Дания құрамасымен бақ сынасты. Қазақстан ұтылып жатып, небәрі 15 минутта кэмбек жасады.

Расында, футболсүйер қауым үшін ең қызықты өткен матчтың бірі болды бұл. Алғашқы кезеңде жеңіліспен бастаған командамыз бұл турда Симон Кьер бастаған, Каспер Шмейхель қостаған Данияны ойынның соңғы минуттарында тізе бүктірді. Жеңіс оңай келген жоқ. Әлемдік сарапшылар ойын алдында еуропалық ұжымның қалайда басым түсетінін айтып, шулаған болатын. Оған себеп те жоқ емес. Өйткені ФИФА рейтингінде Дания 18, Қазақстан 115-нші орында тұр. Енді ойын жайында бірер сөз.

Бірінші таймда еуропалықтар допқа иелік етіп бастады. Ал біздікілер мардымды ойын көрсете алмады. Даниялықтар ә дегеннен қақпамызға лап қойып, жойқын шабуылдар ұйымдастырды. Соның арқасында кездесудің 21 минутына жасыл алаңда жасындай жарқылдаған Расмус Хёйлунн алғашқы голын салды. Алайда италиялық «Аталанта» клубының намысын қорғап жүрген 23 жасар шабуылшы мұнымен шектелмеді. Араға 15 минут салып, 36 минутта таблодағы есепті еселеп кетті. Осылайша бірінші тайм 0:2 есебімен қарсыластың пайдасына шешілді. Бірақ үміт жоғалған жоқ. Алда тағы бір тайм бар еді.

Ойынның екінші бөлігінде Қазақстан шабуылды үдете түсті. Әсіресе, Асхат пен Абат жұбы Дания қорғаушыларын біраз әбігерге салды. Қос қапталдан жиі-жиі пас асырылды. Сондай бір сәтте қонақтар өз алаңында тәртіп бұзды. Пенальти. 11 метрлік айып добын сәтті орындаған Бактиёр Зайнутдинов 73 минутта есеп айырмасын бір голға қысқартты. Ал 86 минутта Асхат Тағыбергеннің айып алаңының сыртынан тепкен добын қарсылас қақпасында тулатты. Осылайша, қиын ойында таразы басын теңесті. Осыдан соң жанкүйерлерді де, футболшыларды да жігерлене түскендей. Солай болды да. Араға 3 минут салып, Абат Айымбетов әуелеп келген допты баспен қақпаға енгізді. Алға шықтық. Есеп 3:2. Осыдан соң Дания да есе қайтаруға тырысып, тайлы тұяғымен шабуылдаса да нәтиже шығара алмады. Төрешілер негізгі уақыт аяқталғаннан кейін қосымша төрт минут қосып берді. Бірақ ойын соңына дейін еуропалық ұжым гол соға алмай, бұл кездесуде жеңіліс тапты. Осылайша, екі ойында 3 ұпай жинаған ұлттық құрама турнирлік кестеде 2 орынға табан тіреді.

Орайы келгенде айта кетейік, екі команда бұған дейін төрт мәрте кездессе, соның барлығында даниялық футболшылар жеңіске жеткен еді. Қазақстан мен Дания құрамаларының таныстығы сонау 2005 жылы басталған. Бір қызығы, екі елдің футболшылары алғаш рет 2005 жылдың 26 наурызында ойнаған екен. Енді, міне арада тұп-тура 13 жыл өткенде бесінші мәрте кездесті. Енді Қазақстан алдағы ойынын 16 маусымда сырт алаңда Сан-Мариноға қарсы өткізеді. Ал Даниямен қарымта кездесу күзге жоспарланған.

«Өткен ойында өз алаңымыздағы жеңіліс құрамаға біршама әсер етті. Шегінерге жол жоқ. Бұл жайында ойыншылармен әңгімелестік. Даниямен кездесуде бірінші кезең біз ойлағандай болған жоқ. Екі гол қателіктер салдарынан соғылды. Екінші кезеңде ойыншылардың бір-бірін түсінуі оңайға соқты. Оны оңтайлы пайдалана алдық» деді Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев ойыннан соң.

Мынадай сенсация еуропалықтар үшін күтпеген жағдай еді. Оны Дания ұлттық құрамасының бас бапкері Каспер Юльманн өз сөзінде мойындады.

«Қазақстан құрамасын жеңісімен құттықтаймын! Нәтижеге көңіліміз толмайды. Ойынның бірінші жартысынан соң, мұндай кэмбек жасалады десе сенбес едім. Негізі, ойынның басым бөлігінде жақсы ойын көрсеттік. Ал соңғы 15 минут біз үшін өте қолайсыз болды. Бұл тактикаға қатысты емес. Көңіл-күйге байланысты. Бұл көрсеткіш соңғы рет қайталанып отыр деп ойлаймын», – деді бапкер.

Мұнан кейін қорғаушы Йоаким Меле де Қазақстаннан жеңіліске ұшырағанына қатысты пікір білдірді.

«Менің ойымша, бірінші тайм жақсы өтті. Біз бар күш-жігерімізбен ойнадық. Біз екі гол соқтық. Үзіліс кезінде бәріне байыппен қарап, жеңіс туралы сөйлестік, себебі бұл салмақты ойын еді. Сосын біртүрлі пенальти болды, мен бұл сәтті әлі көрмедім. Иә, мұндай жағдайлар болуы мүмкін, бірақ біз бірге болуымыз керек. Көрермендер тамаша атмосфера сыйлады. Бірақ біздің көңіліміз қалды. Иә, соңғы 15 минутта үш рет жіберіп алу деген сұмдық. Біз бұдан сабақ алып, ешқашан қайталанбайтынына уәде беруіміз керек», – деді Й.Меле.

Еске салайық, «Футбол на Куличках» сайты 2024 жылғы Еуропа чемпионатына іріктеудің екінші турындағы Қазақстан-Дания матчіндегі ең мықты ойыншыны анықтады. Ол – Қазақстан командасының капитаны Асхат Тағыберген. «Қазақстан құрамасының капитаны алысқа тепкен әдемі соққысымен алаң қожайындарын рухтандырды. Асхат есепті теңестіргеннен кейін «қаршығалар» еркіті жеңіске жетті. Голға дейін де Тағыберген қақпаға үш соққы жасап, жақсы пастар берді. Қонақтардан дубль авторы Хейлуннды атап өтпеуге болмас, алайда оның жетістіктерін серіктестерінің қателігі шайып тастады», – делінген мәтінде.

Бетті дайындаған: Б.ШАҒЫРОВ

«АСТАНАДА АРМАНЫМДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫМ»

Кейіпкеріміз Жаңақорған ауданының тумасы. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлегі. Журналист мамандығын тәмамдаған. Қазіргі таңда елорданың хақ төрінен «Айжан» сән салонын ашты.

– ҚР Премьер министрінің баспасөз-қызметінде қызмет атқардым. Мамандығым – мақтанышым. Ол жерде көптеген тәжірибе жинақтадым. Бала күтіміне байланысты демалыста жеке кәсіпкер болуға шешім қабылдадым. Оның басты себебі отбасыма, ұл-қыздарыма көп көңіл бөлгім келді, – дейді кәсіпкер.

Айжан Сыр елінен Астанаға арман қуып келген. Дастан есімді жігітпен отау құрды. Бүгінде төрт перзенттің анасы. Ата-енесімен бір шаңырақта тұрады. Үй шаруасына, жұмысына уақыт тауып, келіндік міндетін абыроймен атқарып жүр. Астанадан кәсіп ашу кез-келгеннің қолынан келмейді. Ал кейіпкеріміз бұл істі дөңгелетіп әкетті.

– Бұл – менің алғашқы кәсібім. Бас қаладан кәсіп ашу әрине оңай емес. Тәуекелге бел буып, бастауыма жолдасымның ықпалы зор болды. Бала күтіміне байланысты демалыста отырып іздендім. Курстарға қатыстым. Өзіме жақын істі таңдауды дұрыс деп шештім. Егер өз саланды сүйсең қиын тұсы болмайды, – дейді Айжан.

Иә, қандай шешім қабылдаса да алдымен жүрек қалауы керек. Сонымен бірге өз ісінің шебері болса әрбір адам кәсіпті дөңгелетіп әкетеді.

– Сол жағалаудан, орталықтан ашуға жүрексінгенім рас. Біздің басты талап – келушілердің көңілінен шығу. Егер салон қызметін пайдаланушы екі-үш қызмет түрін пайдаланса, келесісіне жеңілдік қарастырылған, – дейді салон иесі.

«Айжан» сұлулық салонында шаш қию, бояу, маникюр, педикюр, кірпік жалғау, бет әрлеу, массаж, татуаж т.б. қызмет түрлері ұсынылады. Салон сапаға жұмыс істейді. Бағасы халыққа қол жетімді.

– Ақшаға қызығып, бағаны асқақтатпаймыз. Біріншіден, ашылғанымызға көп уақыт бола қойған жоқ. Екіншіден, қарапайым халыққа қолжетімді болған кезде ғана біз кәсіптің нәсібін көреміз деп ойлаймын, – дейді ол.

Салонда 5 адам жұмыс істейді. Айжан болашақта салонды жандандыруды көздейді. Сонымен қатар бір саламен тоқтап қалмай, өзге істі де меңгермек. «Қазір біреудің қолына қарап отыратын заман емес. Басқа да кәсіпті бастап көрсем деген жоспарым бар» дейді ол әңгіме барысында. Кейіпкерімізден екі қаланың қайсысы ыстық деп сұрадық. «Әрине туған жер ыстық. Өсіп-өндім. Топырағына аунап, суын іштім. «Қыз мақсаты кету» болған соң, туған жерден жырақта жүрмін. Маған екі қала да ыстық. Өйткені Сыр елінде ата-анам, бауырларым бар. Ал Астана менің арман қуып келген, арманымның орындалуына себепші болған қалам және осында жүрегімнің жартысын, балаларымның әкесін кезіктірген киелі мекен. Сол үшін де ерекше», – дейді.

Айжанның басты арманын орындаған бас қала қалған тілегін орындайтыны анық. Сондықтан кейіпкерімізге сәттілік тілейміз!

Бүгінде білім алған мамандығынан кәсіпке бет бұрғандар қарасы қалың. Бұл дегеніңіз кәсіпкерлікке мемлекеттің қолдауының дәлелі. Сонымен бірге кәсіпте табыс көзі бар. Ал біздің кейіпкеріміз ешқандайда мемлекеттің қолдауын алмаған, өз қаражатымен кәсіп ашқан. Бүгінгі кейіпкеріміз журналистикадан кәсіпкер болуға бет бұрған – Айжан Ахметова.

М.САБЫРЖАН

ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(30 наурыз – 5 сәуір)

Тоқты

Өзіңізді дамытуға, белсенділік танытуға қолайлы кезең. Сіздің қолыңыздан бәрі келіп, бірқатар артықшылыққа ие боласыз. Дегенмен бұл жағдай өз-гелердің қызғанышын тудыруы мүмкін. Беделіңіз өседі, дегенмен пікір келіспеушілігі орын алып, басқалармен қарым-қатынасыңыз қиындай түседі.

Торпақ

Іскерлік байланысыңыз кеңейіп, бұрын кездеспеген адамдармен танысасыз, өз кезегінде жаңа танысулар сіздің кәсіби мансабыңызға әсер етеді. Құжаттармен жұмыс шаршатады, бірақ ақыры сәтті аяқталады. Бір айта кетерлігі, өзіңіздің әлсіз тұсыңызға көз жұмып, басқалардың өзіңіз туралы ойын естуге құштар боласыз. Бірақ жұлдыздар осы тұста абай болуға кеңес береді.

Егіз

Апта сіз үшін ойыңызды мазалаған сұрақтардың жауабын табуға және интеллектуалды жұмысқа арналған. Басшылықпен жобаңызды іске асырып, позицияңызды көрсетесіз. Осы уақытта түйгеніңіз көпке дейін есіңізде сақталып, пайдаңызға жарайды. Сіздің рухани қабілетіңізге байланысты жаңа идеяларды ойлап табу үшін және оларды кәсіби мақсатта немесе мамандығыңызда қолдану үшін шығармашылық белсенділігіңіз артады.

Шаян

Жұмыста орын алған кез келген мәселені жылдам ойлау, есте сақтау және түйсігіңіздің арқасында шеше аласыз. Маңызды құжаттарға қол қою үшін, келісімшарттар жасау үшін осы уақытты пайдалансаңыз болады.

Арыстан

Жұмысыңыз көбейіп, бұған дейінгі жобаларды түзетуіңізге тура келеді. Сапарыңыз тек жұмыс бабымен болған дұрыс. Лауазымыңызды арттыруға, кәсіби біліктілігіңізді көрсетуге және түрлі іскерлік курстардан өтуге мүмкіндік туады. Серіктестеріңізге арқа сүйеңіз, өйткені олар сіздің үмітіңізді ақтауы мүмкін.

Бикеш

Ең қиын деген сұрақтың шешімін табатын мүмкіндікке ие боласыз. Жұмыс кестесіне мән берген жөн, әйтпесе біраз қиындық туындайды. Сондықтан ұсақ-түйектер мен ұқыптылық жайлы ұмытпаңыз. Іскерлік әңгімелесу барысында тақырып аясынан ауытқымаған дұрыс, бұдан бөлек, арақашықтық пен белгілі бір ережені ескеріңіз.

Таразы

Кішкентай қателік үлкен мәселеге айналуы мүмкін, сондықтан мұқият болыңыз. Бұл айда жұмысқа, мамандыққа және мансабыңызға қатысты дүниелерді шешуге болады. Мақсатыңызға жету үшін жұмыста белсенділік, кәсіби жауапкершілігіңізді барынша көрсетіңіз. Осы кезең жоспарларыңыз бен өмірлік мақсаттарыңыз жайлы ойлану үшін жақсы уақыт болады.

Сарышаян

Аптаның бірінші жартысында шығармашылық және іскерлік белсенділік таныту қолайлы болмақ: бұл кезде сіздің танымалдылығыңыз артады. Көзқарасыңызды дәлелдеп, өмірлік ұстанымыңызды бекітуге мүмкіндік туады. Жеке басыңызға қатысты қолсұғушылыққа жол бермейсіз, сондай-ақ сіздің әдістеріңізге күмәнмен қарайтындарға және қысым көрсетуге тырысатындарға қарсылығыңызды ашық білдіресіз. Жетістікке жетуге деген ынтаңыз осы уақытқа айқын байқалады.

Мерген

Қабілетіңізді көрсету үшін апта таптырмас уақыт. Соның арқасында шығармашылық белестерге жетесіз. Жомарттығыңыз бен өмір сүруге деген құштарлығыңыз айналаңыздағыларға қуат беріп, жағымды эмоция сыйлайды. Ең ауыр мәселенің шешімі тез табылады. Өзіңіз мақсат еткен нәтижеге жетіп, барлығының назары сізге ауады.

Тауешкі

Жылдам шешім қабылдаудан сақ болған жөн. Бұл уақытта керісінше, маңызды дүниелерді жақындармен талқылап, ақпаратты тексеріп, мұқияттылық таныту керек. Жұмыстың жемісін күтуіңізге тура келеді, ал нәтиженің көрінуі сіздің еңбекқорлығыңыз бен қабілетіңізге байланысты болмақ. Байыпты, байсалды істерге бет бұрыңыз. Бұл уақытта мәселенің шешімін табуға және алға жоспар құруға арнаған дұрыс.

Сұқұйғыш

Аптада бірігіп істеген жобалар алға қарай жылжып, қаржылай табыс әкеледі. Бұл аптаны жалғыздықта өткізбеген дұрыс. Шығармашылық қабілетіңізді көрсетуден тартынбаңыз. Егер біреумен көңіл жарастыруды ойлап жүрсеңіз, апта сіз үшін таптырмас уақыт.

Балықтар

Бұл аптада сізге демалуға уақыт жетпейді. Күтпеген жерден орын алған келеңсіз жағдайды түзету қажет болады. Бәрін уақыттың еншісіне қалдырған дұрыс.

БҰРЫНҒЫ САТИРА – БҮГІНГІ СТЕНДАП

Бір ауыз сөзге бір елдің тағдыры байланғанын байыптаған қазақ халқы қашан, қай жерде, қалай сөйлеу керегін білген. Қағытпа қалжың, астарлы әзіл, топ ішінде сөз бастаған шешендіктің сыры да осы сөздің киесінде.

Құдай ең әуелі сөзді жаратты десек, жер бетінде соңғы қазақ қалғанша, қалжың мен қара сөздің қаймағы өлмейді. Соңғы жылдары қазақ сатирасының жаңа бағыттарда жандана бастауы соның дәлелі. Кеңес одағынан жеке шығып, тәуелсіздігімізді жариялағалы бері жастар арасында КВН ойындары танымал болды. Кейін 2000 жылдары соның қазақша нұсқасы ретінде Есен Елеукеннің бастамасымен «Жайдарман» ойындары тұрақты ұйымдастырыла бастады. Қоғамға өз үнін анық жеткізіп, өз көрерменін қалыптастыра білген жайдарманшылар әлі күнге дейін әр аймақта іріктеу ойындарын өткізу арқылы республикалық деңгейін жоғалтпай келеді. Дегенмен әзіл өнерінің даму жолында тағы бір жаңа бағыт пайда болды. Ол – қазақша стендап.

Аталған заманауи әзіл түрі бір адамның күнделікті өмірдегі «қожанасырлығын» көрсетеді десек болады. Сол әпенділігін әшкерелей отырып, көрерменді күлкіге қарық қылады. Жастардың дені «Жайдарман» ойындарына, белгілі әзіл-сықақ театрларына барғаннан гөрі осы жеңіл әзілдерді жиі тыңдайды. Ойға қонымды, жүрекке жұмсақ әрі санаңызға салмақ түсірмейді. Стендаптың басты айырмашылығы да, артықшылығы да жеке авторлардың, комиктердің шығармашылығымен танысуға мүмкіндік беруінде сынды. Оның отаны – Ұлыбритания. Бірақ бізге бұл бағыт Батыс не Еуропадан енген жоқ, көрші Ресейден келді. Ең қызығы, бұл жанрды орыстардың ортасында жандандырған қазақ баласы, белгілі стандапер – Нұрлан Сабуров. Ол үнемі өз ұлтын, әйелін және қызын әзілге қосады. Аздап пафосқа толы шынайы оқиғалар желісін көрермен жылы қабылдайды. Ол сөйлеу мәнерімен, мимикасымен, әртістігімен баурап алды. Ең күлкілі нәрсені байсалды жүзбен жеткізеді. «Мен қазақты мазақ қылмаймын, мақтанышпен айтамын. Мысалы, менің әзілдерімді қазақ аудиториясының қабылдауы екіұдай. Біз, қазақтар, жайдарлы халықпыз, бірақ біреуді күлкіге қалдырғанды ұнатпаймыз. Ресейде бөлек. Мұнда олар өздеріне де, басқаларға да бірдей күле қарайды», – дейді өзі.

Сонымен Қазақстанда соңғы 2 жылда қанаттанып, қоғам назарын аудара бастаған стендап комиктердің өнері қызылордалықтар үшін де бейтаныс емес. Өңір жастарының жайдарман ойындарынан жүлделі оралуы қалыпты жағдайға айналған. Жақында «Orta» ресурстық орталығында белсенді жас Ақтілек Темірбайұлының ұйымдастыруымен алғаш рет қызылордалық стендаптың тұсауы кесілді. «Orda gon stand up» ұжымының өнерін тамашалауға, бір сәтке тұрмыс пен тіршіліктен демалыс жариялап, көңіл-күйін көтеруге келген көрерменнің қарасы қалың. Сахнаға шығып, жеке шығармашылығымен таныстырған спикерлер 20 мен 30 жас аралығындағы азаматтар екенін байқадық. Ал әзілді аңсап келген көрерменнің жасы әртүрлі. 11 жастағы баладан 40 жастағы қызылордалықтар да осы жерден табылды.

Қолына үнтаяқ ұстап, көрерменді қалжыңға құрылған үнсіздігімен де күлдіре білетін спикерлердің қатарында Әшірбек Темірхан, Шыңғыс Әлішер, Арпиля Айбек, Жасұлан Тәкісбай, Бибізиба Ораз есімді комиктер бар.

– Қазақша стендаптың ғұмыры ұзақ болатынына сенемін. Себебі әзіл өнерінде ұлтымыздың өзіндік бояуы, өзіндік үні бар. Әзілдемейтін қазақ жоқ десек, жарасады. Ал жақында орталықта өткен «Orda gon stand up»-тың концертінен қызылордалық көрерменнің стендапқа деген көзқарасы басқаша екеніне, түрлі тақырыптағы тың әзілдерді қабылдай алатынына куә болдық. Демек алдағы уақытта да аталған бағыттағы шараларды жиі ұйымдастыратын боламыз. Қоғамға бейтаныс, жаңа, жас есімдерді танытқымыз келеді. Жастардың бойындағы өнерін елеп, үнін естісе екен дейміз. Басты мақсатымыз осы, – дейді Ақтілек Темірбайұлы.

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 504